



КОНСТИТУЦИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толды. Ширек ғасырдан астам халыққа қызмет істеп келе жатқан Ата Заңның мерейтойына орай Астанада «Конституция және мемлекеттілік: құқық пен болашақ диалогы» атты конференция өтті. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйледі.

Президент конференцияның айырықша мәні бар екенін атап, Конституцияны 30 жыл бұрын бүкілхалықтық референдумда қабылданғанын, сол уақыттың еліміз үшін тарихи сәт болғанын атап өтті. Әрі Конституция мемлекетіміздің мызғымас тұғыры, Тәуелсіздігіміздің айнымас темірқазығы екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар Мемлекет басшысы қазақ халқының заңға бас иіп, оны аттамағанын да айтты.

«Қазақ – Ұлы дала заңына бас иген, ар-ұяттан аттамаған халық. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Әз Тәукенің Жеті жарғысы – нағыз дала заңының жарқын үлгілері. Осы дәстүр ешқашан үзілген емес.

Жұртымыз дала заңынан қазіргі Ата Заңына дейін тарихи жолдан өтті. Өткен ғасырдың басында қазақ зиялылары бұл іске

елеулі үлес қосты. Кеңес заманында еліміздің құқықтық іргетасы қаланды, білікті заңгерлер шоғыры пайда болды.

1993 жылы егемен Қазақстанның алғашқы Ата Заңы бекітілді, мемлекетіміздің конституциялық құрылымы айқындалды. Бірақ көп ұзамай жаңа тарихи ахуалға сай келетін жаңа Конституция қабылдау қажет болды. Осыған орай арнайы кеңес құрылды, оған бір топ белгілі отандық заңгер мүше болып, белсенді жұмыс жүргізді. Шетелден шақырылған сарапшылар да осы маңызды іске атсалысты.

Ата Заңымыздың жобасын талқылауға миллиондаған азамат қатысты, мыңдаған ұсыныс келіп түсті. Конституция туралы айтқанда, тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың табанды еңбегіне әділ баға беру қажет. Ол Конституция қабылданған кезде

Мемлекет басшысы ретінде шешуші рөл атқарды.

Осылайша, 1995 жылы 30 тамызда Тәуелсіздік төлқұжаты, яғни Конституция қабылданды.

Еліміздің басты заңына «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деген сөздер жазылды. Конституциямыз Тәуелсіздігімізді нығайтуға зор ықпалын тигізді, еліміздің одан әрі дамуына даңғыл жол ашты» – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Осылайша, Президент тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қызмет еткен Қазақстанның алғашқы Конституциясының да, 1995 жылы заман талабына сай келетін жаңа Ата Заңды қабылдау кезінде еңбек сіңірген тұлғалардың да тарихи жадтан өшпейтінін түспалдады.

(Жалғасы 2-3-беттерде)



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті отандастар!

Баршанызды Конституция күнімен құттықтаймын!

Осыдан 30 жыл бұрын өткен референдумда халқымыз Ата Заңын қабылдап, тарихи таңдауын жасады.

Конституциямыз Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің, қазақ мемлекеттілігінің берік тұғырына айналды. Онда ұлтымыздың бүгінін және болашағын айқындайтын мызғымас құндылықтар мен қағидаттар нақты көрініс тапты.

Ата Заң Қазақстанның барлық азаматының мүддесін ұлтына, дініне қарамастан бірдей қорғайтын әлеуметтік мемлекет ретіндегі құқықтық іргетасын қалыптастырды. Конституция қоғамдық келісім мен ішкі тұрақтылықтың басты кепілі саналады. Сан түрлі саладағы жетістіктерге осы негізгі заңымызға сүйене отырып қол жеткіздік.

Үш жыл бұрын ел дамуының жаңа тарихи кезеңіндегі міндеттерге сәйкес, ауқымды конституциялық реформа жасалды. Оның басты нәтижесі – саяси жүйенің «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасының негізінде жаңғыруы.

Конституциялық реформада адам құқықтарын қорғауға, Заң мен тәртіп үстемдігін орнықтыруға баса мән берілді. Ата Заңға әлемдік тәжірибеде бұрын-соңды болмаған, инновациялық сипаттағы бірқатар жаңа ереже енгізілді. Қазақстанның конституциялық реформасына Венеция комиссиясы және өзге де беделді халықаралық ұйымдар, сондай-ақ шетелдік сарапшылар оң бағасын берді.

Әділетті, Таза, Қуатты әрі Қауіпсіз Қазақстан құрамыз десек, азаматтарымыз Ата Заңды құрметтеп, оның барлық ережесін мүлтіксіз сақтауы керек.

Қазақстан Республикасының стратегиялық мақсаттарына ұлтымызды жұмылдыратын Конституциямыздың аясында барша азаматымыздың Отанымызды өркендету үшін жасампаздықпен еңбек етуіне барлық жағдай жасалған. Еліміздің барша азаматына зор денсаулық, бак-береке тілеймін!

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА 30 ЖЫЛ» МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МЕДАЛІ БЕКІТІЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл» мерейтойлық медалі бекітілді.

Аталған медальмен Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етуге, ел тәуелсіздігін нығайтуға, қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтауға, азаматтардың конституциялық құқығын және еркіндігін қорғауға, конституционализм идеяларын, сондай-ақ қағидаттарын қалыптастыруға әрі дамытуға ерекше үлес қосқан тұлғалар наградталады.

Сонымен қатар мерейтойлық медаль жұмысшы мамандарға, бюджет саласы мен өндіріс ұйымдарының өкілдеріне және басқа да азаматтарға беріледі.

Бұл медальға ие болу азаматтардың адал еңбегі мен Отан, мемлекет және қоғам алдындағы ерекше қызметін танудың маңызын көрсетеді.

ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2025 жылғы 2 қыркүйекте сағат 11.00-де Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкім мәтінінде.



БІЗ КЕЙІНГІ ҰРПАҚТЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ ҮШІН БЕЙБІТШІЛІКТІ НЫҒАЙТУЫМЫЗ КЕРЕК

– Бүгін – Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні. Бұл атаулы күнді БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстанның бастамасымен бекітті. Халқымыз атом қаруын сынаудан қатты зардап шекті. Мұндай қасірет қайталанбауға тиіс. Біз кейінгі ұрпақтың жарқын болашағы үшін бейбітшілікті нығайтып, халықаралық әріптестікті дамыта түсуіміз керек. Ядролық қарудан және сынақтардан біржола бас тартуға күш салуымыз қажет. Бейбітшілік пен қауіпсіздік – бүкіл адамзатқа ортақ ең басты құндылықтар, – деп жазды Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің X парақшасында.



30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

ЗАМАН ТАЛАБЫМЕН ҮНДЕСКЕН ҚҰЖАТ

Сонымен қатар әлемдік қауымдастықтың белді мүшесі ретінде Қазақстанның жаһандағы өзгерістерге ілесе білуі қажет болғанын, сол үшін отыз жыл ішінде Конституцияға 6 рет түзету енгізілгенін айтты. Қоғамдық және саяси дамудың жаңа жағдайларына Ата Заңымызды бейімдеуді көздеген бұл өзгерістер 1998, 2007, 2017 және 2022 жылдары енгізілген болатын. Дегенмен ел дамуының жаңа серпін берген реформалар Конституцияға енгізілген соңғы өзгерістерден соң басталғаны баршаға мәлім. Бұл туралы Президент те атап өтті.

«Бірақ ең басты конституциялық өзгеріс осыдан үш жыл бұрын жасалды деп айтсақ, орынды болар. Конституциялық реформаның арқасында еліміздің саяси-құқықтық жүйесі түбегейлі жаңа сипатқа ие болды. Сол кезде Конституцияға түзетулерді Парламент арқылы өткізу керек деген ұсыныс кеңінен айтылды. Бірақ күрделі болса да, басқа жолды таңдау жөнінде шешім қабылданды. Ел болашағына тікелей әсер ететін аса маңызды шешімдерді тек референдум арқылы қабылдау қажет деген ұстанымды міндетті түрде сақтау керек деп ұйғардым.

Елімізде «Республикалық референдум туралы» заң ширек ғасыр бұрын қабылданды. Бірақ осы кезге дейін бірқатар себеппен бүкіл халық өзекті мәселелер бойынша дауыс бермеді. Ал азаматтарымыз ел тағдырына қатысты әр мәселеге өз ой-пікірін, көзқарасын ашық білдіргісі келді. Қоғамымызда дәл осындай сұраныс болды. Сондықтан референдум өткізу туралы бастамаға барша халық бірауыздан қолдау көрсетті. Жұртымыз Конституцияға енгізілген түзетулерді зор құлшыныспен жақтап, дауыс берді.

«Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық» деген Конституция бабы нақты жүзеге асырылды. Бұл қоғамымыздағы саяси үрдіске зор серпін берді. Енді еліміздегі барлық маңызды шешімдерді бір ел болып талқылап, бірге қабылдайтын болдық. Былтыр Атом электр стансасын салуға қатысты өткен референдум — соның айқын дәлелі», — деді Мемлекет басшысы.

Президент 2022 жылғы реформаны қолға алуға сол кездегі өте күрделі саяси жағдай себеп болғанын атап өтті. Әрі соңғы реформалар Қазақстанның конституциялық құрылымы тарихындағы ең мазмұндысы болған еді. Мемлекет басшысы референдумда Ата Заңға түзету енгізумен шектеліп қалмай, Конституцияның жаңа жобасын дауысқа салу туралы көптеген ұсыныс айтылғанына да тоқталды. Әрі мұндай бастамалардың көтерілуі бекер болмаған. Сонымен қатар заңнамалық тұрғыдан орынды әрі саяси жағынан биліктің беделін арттыратын айтарлықтай оңтайлы тәсіл болып көрінген.

«Алайда 1995 жылы қабылданған Конституцияның реформалаумен шектеліп, оның негізгі мән-мазмұнын сақтау жөнінде шешім қабылдадым.

Осы арқылы Конституцияның басты ережелерінен айнамайты-



КОНСТИТУЦИЯ — ТӘУЕЛСІЗДІК

нымызды дәлелдедік. Сондай-ақ ел бірлігі, халықтың тыныш әрі берекелі өмірін қамтамасыз ету және ішкі саяси тұрақтылықты сақтау секілді мемлекетіміздің жоғары құндылықтарын берік ұстанатынымызды көрсеттік.

Осы шешімнің арқасында бүгін Конституцияның 30 жылдық мерейтойын атап өтіп отырмыз», — деді Президент.

Сонымен бірге Президент жаңа саяси жағдайға, қоғамды жан-жақты жаңғырту міндеттеріне сай келмейтін Конституциядағы ережелер референдум арқылы жойылғанын да атап өтті. Референдум нәтижесінде Конституция баптарының үштен бірі жаңартылды.

«Бұл — конституциялық реформа ауқымының айқын көрсеткіші. Көп жылдан бері қоғамның көкейінде жүрген Әділдік, Ашықтық, Есептілік, Жауапкершілік қағидаттары Ата Занда көрініс тапты. Азаматтардың Конституцияға сенімі нығая түсті. Референдум өткізудегі басты мақсат осы болатын.

Сондай-ақ еліміздің саяси жүйесінде «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидаты орнықты. Бұл билікте өзара тиімді байланыс пен тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік берді. Президенттің жеті жылға бір рет қана сайлануы ел тарихындағы аса маңызды саяси-құқықтық бетбұрыс деп айтуға толық негіз бар. Себебі мұндай жағдай Қазақстанда бұрын-соңды болған емес.

Осылайша, елімізде биліктің бірегей үлгісі пайда болды, яғни мемлекеттік басқару жүйесі жаңа қағидаға сай жұмыс істей бастады, сол арқылы мемлекеттегі саяси үдерістер әлдеқайда түсінікті, болжамды, айқын бола түсті. Нақты айтқанда, Президенттің жақын туыстарына билік жүйесінде лауазымды қызмет атқаруға тыйым салынды. Биліктегі отбасылыққа тосқауыл қойылды. Бұл да өте қажетті қадам болды.

Халықтың осы шешімі — аса маңызды саяси-құқықтық жаңа-

шылдық, әлемде баламасы жоқ конституциялық инновация.

2019 жылдан бері біз кезең-кезеңімен бірнеше саяси реформа жүргізіп, саяси жүйені дәйекті түрде жаңғырттық», — деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде еліміздегі реформаларға бірқатар кедергілер де болғанын, саяси ортаның белгілі бір бөлігі қоғамды жаңғыртуды көздейтін бастамаларға күмәнмен қарап, тіпті қабылдай алмағанын да айтты. Дегенмен қазір Мемлекет басшысы таңдаған стратегиялық бағыттың дұрыс екеніне көпшіліктің көзі жетті. Бұл өз кезегінде елімізді өркениетті қоғам құру жолына бастайды.

Бір атап өтер жайт, 2022 жылы өткен референдум ұлтымызды бұрын-соңды болмаған деңгейде ұйыстырып, мемлекет алдындағы стратегиялық міндеттердің төңірігіне топтастырды. Бұл құбылысты атап өткен Президент азаматтардың саяси бағдарды қолдағанын да тілге тиек етті.

«Азаматтарымыздың жаңа саяси бағдарды бірауыздан қолдауы алға ілгерілеуден басқа жол жоқ екенін айқын көрсетті.

Тарихи өлшем тұрғысынан өте қысқа уақыт ішінде қоғам саяси кемелдік пен азаматтық жауапкершілікті күшейтетін іргелі өзгерістерді бастан өткерді.

Әділетті Қазақстанды құру процесін енді ешкім тоқтата алмайды. Өткенге оралуға, ең алдымен, еліміздің жастары жол бермейді. Білімді жас ұрпақ келешекке көз тігеді. Олар Қазақстанды жаңа заманның талабына сай келетін өркениетті мемлекет ретінде көргісі келеді.

Түптеп келгенде, конституциялық реформа саяси жаңғыру үдерісіне зор серпін берді. Парламенттің рөлі артты, Үкіметтің жауапкершілігі күшейді. Орталық

және жергілікті атқарушы биліктің құзыреті қайта бөлінді.

Жаңа талапқа сәйкес Президент, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Өкілді билікке әртүрлі көзқарастағы саяси күштер мен азаматтар келді. Түрлі саяси партия Парламенттен орын алды. Аралас сайлау жүйесі тәуелсіз үміткерлерге жол ашты. Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының 90 пайызы бірмандатты округтен сайланды.

Төрт жылдың ішінде барлық ауыл әкімдері жаңа ережеге сәйкес сайланды. Олардың көбі — бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген азаматтар.

Осылайша, билікке жаңа буын өкілдері келіп жатыр. Биылдан бастап аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін халық тікелей сайлайтын болды. Бұл — Орталық Азия аймағында бұрын-соңды болмаған тәжірибе», — деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы орныға түскенін, азаматтардың ел өміріне қажетті шешімдерді қабылдау үдерісіне белсене қатысып жүргенін атады.

«Әсіресе, реформаларды жүзеге асыру ісінде билік пен қоғамның мүддесі бір екені анық байқалды. Елдегі өзгерістер, ең алдымен, халықтың игілігі, ұрпақтың болашағы үшін жасалып жатыр.

Мен бүгінгі мерейлі сәтте осы тарихи қадамды жасауға үлес қосқан барша азаматқа алғыс айтамын.

Біздің қазіргі Конституциямыз — өркениетті болашаққа жол ашатын, халқымыздың игілігіне қызмет ететін Ата Заң. Біз бір ел болып қолға алған реформалар Конституциямыздың жасаппаз рухын күшейте түсті. Бұл кезең еліміздің тарихында түбегейлі жаңғыру кезеңі болып қалары анық», — деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

ЕЛ ҚАЗЫНАСЫ — АДАМ

Сондай-ақ ол Конституциямызда Адам мен адам өмірі, құқықтары мен бостандықтарының еліміздің ең қымбат қазынасы ретінде көрсетілгенін, бұл әрдайым мүлтіксіз орындалуға тиіс қағида екенін атап өтті. Сәйкесінше, осыған орай нақты реформа жасалып, заң үстемдігін қамтамасыз ететін аса маңызды институт — Конституциялық Сот құрылды. Соның нәтижесінде, азаматтар қандай да бір заң өз құқығы мен бостандығына нұқсан келтіреді деп санаса, Конституциялық Сотқа жүгінетін мүмкіндік алды. Сөйтіп, екі жарым жыл ішінде бұл органның қарауына 11 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Бұл бұқараның жаңадан енгізілген конституциялық бақылау институтына сенімі артып келе жатқанын көрсетеді. Ал Конституцияға қайшы көптеген нормалар құқықтық жүйеден алынып тасталды.

Мемлекет басшысы бұдан былай Конституциялық Соттың шешімі мен құқықтық ұстанымы әділдік рухына сай келетін жаңа заңнамалық қолданыстың негізіне айналатынына тоқтала келе, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті енгізу нәтижесінде азаматтардың мемлекетпен жария-құқықтық қатынастарын реттеу тәсілдері түбегейлі жаңарғанын атап өтті.

«Кодекстегі жаңа новеллалар арқылы соттардың тек мемлекет мүддесін қорғауға бағдарланған әдепкі ұстанымы жақсы жағына өзгерді. Сот үкімінде субъективтілік азайып, анағұрлым әділетті шешімдер шығарыла бастады.

Қазіргі статистика азаматтар мен кәсіпкерлердің мемлекеттік органдарға қарсы істерде 60 пайызға дейін жеңіске жететінін көрсетіп отыр.

Жүргізілген реформалар сот жүйесіне сенімді айтарлықтай арттырды. Судьяларды іріктеу және тағайындау үдерісін әділ әрі ашық етіп, олардың тәуелсіздігін күшейтті.

Сот әкімшілігі жетілдіріліп, сот ісін жүргізуді цифрландыру басталды.

Бұрын азаматтар іске қатысты шағымдану мүмкіндігі жоқтығына жиі арызданатын.

Сондықтан кассациялық соттарды құру және биылғы 1 шілдеден бастап «жаппай» кассация қағидатын енгізу Қазақстанның сот жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадамдардың бірі болды», — деді Президент.

Сонымен қатар Конституциялық реформа нәтижесінде прокуратура органдарының қадағалаушылық құзыреті күшейтілді.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге ие болды. Еліміздің барлық аймағында өкілдіктері ашылды. Енді Уәкілдің тәуелсіздігі мен иммуни-



30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

тетіне Ата Заң кепілдік береді. Бұдан бөлек, Омбудсмен Бас прокурор сияқты Конституциялық сотқа жүгіну құқығына ие болды.

«Заң үстемдігін қамтамасыз ету — біздің стратегиямыздың ең маңызды қағидасы. Бұл — өркениетті және озық қоғамның басты өлшемі. Қоғамымызда заң мен тәртіп сақталмаса, ешқандай жетістік пен ілгерілеу болмайды, бұл — анық нәрсе.

Занды сыйлайтын ел қашанда берекелі болады. Сондықтан мен әр сөзімде заң мен тәртіптің маңызын ерекше атап өтіп жүрмін. Басқаша айтқанда, бұл — бізге дәстүрлі болмысымызды өзгерту қажет деген сөз. Занды құрметтеу, тәртіпке бағыну ұлтымыздың қанына сіңіп, қасиетіне айналуы қажет.

Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген сөзі қазір аса өзекті. Сондықтан заңды қасақана бұзатын азаматтарға, қоғамдық тәртіпке және тұрақтылыққа кері әсер ететін әрекеттерге міндетті түрде құқықтық баға беріледі», — деген Мемлекет басшысы мектеп қабырғасында, жоғары оқу орындарында құқықтық тәр-

тың болашаққа нық сеніммен қарауына мүмкіндік беретін мемлекетіміздің өте маңызды шешімі.

Мұның бәрі — жаңарған Конституцияның жемісі. Ата Заң, шын мәнінде, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын толыққанды әрі тиімді құралға айналды», — дей келе Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар маңызды заңдар мен арнайы жоспарларды қабылдау арқылы қолданыстағы Конституцияның орасан зор әлеуеті іске асырылып жатқанын атады. Атап айтқанда, былтыр адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы

ғамдық келісімнің айқын нышанына айналып үлгерген. Әрі заң үстемдігін орнықтыруда орасан зор рөл атқарып отыр. Президент сөз сөзінде:

«Заң үстемдігі — әділетті қоғам құруға және азаматтарымыздың берекелі өмірін қамтамасыз етуге апаратын төте жол. Сондықтан тағы да қайталап айтамын: еліміздің барлық азаматтары заңды құрметтеп, сақтауы керек.

Қазақстанның заңгерлер қауымдастығы азаматтарымызға Конституцияның негізгі ережелерін түсіндіріп, Заң мен тәртіп қа-

майды. Ол заң шығару үдерісімен тығыз байланысты. Алайда оған мүлдем жаңа технологиялық, экономикалық және геосаяси жағдайлар әсер етеді.

Бұл мәселені Қазақстанның кәсіби заңгерлер қауымдастығы жан-жақты зерттеп, ұдайы назарда ұстауға тиіс деп санаймын», — деді Қ.Тоқаев.

КОНСТИТУЦИЯ — ҰЛТ ЗАҢЫ

Президент өз баяндамасында Конституцияға бұрын көп айтыла бермейтін баға берді. «Ұлт заңы» деді. Әрі оның жасампаздық күшінің зор екенін атап өтті.

«Ұлт заңы — Конституциямыздың жасампаздық күші зор.

Өйткені Ата Заңның әр бабында барша азаматтарымызға ортақ құндылықтар мен біртұтас халқымыздың мақсат-мүддесі бар.

Конституциялық, саяси, экономикалық реформалардың, халқымыздың орасан зор күш-қуаты мен әлеуетінің, сондай-ақ білім, ғылым және мәдениет саласына салынған ауқымды инвестициялардың арқасында елімізде шын мәнінде жақсы өзгерістер жасалып жатыр. Жақсыны жақсы деп айту керек. Бұл да әділеттілік көрінісі», — деді Мемлекет басшысы. Содан соң еліміздегі түрлі жетістіктердің астарында сапалы құқықтық негіз жатқанын түспалдады.

«Оқушыларымыз бен студенттеріміз беделді халықаралық олимпиадаларда топ жарып жүр. Спортшыларымыз әлемдік сайыстарда жеңімпаз болып, еліміздің мерейін асыруда.

Алдына нақты мақсат қойған азаматтарымыздың бәрі білім, ғылым, өнер, бизнес және басқа да көптеген салада табысқа жетуде.

Қазақстан халықаралық қауымдастыққа ашық мемлекет, бізде ғаламтор еркіндігі бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Елімізде бірде-бір желінің негізгі арнасы жабылған жоқ, барлық азаматтарға әлемдік жаналықтардың көздеріне жол ашық.

Біздің азаматтарымыз шетелге еркін барып тұрады. Ал жастарымыз өздері таңдаған университеттерде білім алуда, оларға ешқандай тосқауыл, кедергі жоқ. Осындай

инфрақұрылым жаңғырып жатыр. Үкіметке инфрақұрылымдық құрылыстың сапасына баса мән беру қажет деген қатаң нұсқау берілген. Әрі бұл мәселе Үкіметтің және құқық қорғау мекемелерінің бақылауында тұр.

Сондай-ақ елімізде жыл сайын көптеген өндіріс орындары, соның ішінде әсіресе, жоғары технология саласындағы кәсіпорындар іске қосылып жатыр. Бұлардың барлығы ұлттық экономиканың мықты индустриялық негізін қалауға мүмкіндік беріп отыр. Инвестиция тартып, бизнеске қолайлы жағдай жасап, аймақтарды қолдау үшін жүйелі жұмыс істелуде. Соның нәтижесінде, биылғы жеті айдағы экономикалық өсім 6 пайыздан асты.

«Мұның бәрі аяқ астынан пайда болған жоқ. Бұл — қажырлы еңбектің және табанды түрде жасалған түбегейлі реформалардың нәтижесі. Жүйелі және үйлесімді жұмыс пен берекелі бірліктің арқасында еліміз жаңа кезеңге қадам басты.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан біртіндеп дамудың даңғыл жолына түсіп келеді. Енді бос сөзге берілмей, жан-жақты өркендеуге бастайтын осы бағдарымыздан айнымай, тек қана алға ұмтылуымыз керек. Сонда біз озық ойлы ұлт болып, теңдессіз табысқа қол жеткіземіз, биік белестерді бағындырамыз.

Біз бәріміз төл тарихымызға қазақтың қайта жаңғыру дәуірінің өкілі ретінде енуге тиіспіз. Себебі бәріміз бір дәуірде өмір сүреміз, еліміздің болашағына бірге жауаптымыз. Біздің ұрпақ міндетті түрде үлкен жетістікке куә болып, табысқа жетуі керек. Балаларымыз бен немерелерімізге дамыған, өркениетті, құқықтық ел қалдыруымыз қажет. Бұл — біздің тарихи борышымыз. Осы мақсатқа жету үшін біз қазір Әділетті, Таза, Қауіпсіз әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз. Түптеп келгенде, бұл — ұлттық идеология.

Біздің басты міндетіміз — озық ойлы, бәсекеге қабілетті ұлт болу, халықтың әл-ауқатын арттыру, елдегі тұрақтылықты сақтап, қоғамдық келісімді қамтамасыз ету. Сондықтан қазақ елінің қастерлі төлқұжаты — Конституциямыздың әр бабы мүлтіксіз орындалады. Бұл — баршаға ортақ міндет», — деді Президент.

Мемлекет басшысы өз сөзінде 8 қыркүйекте ел халқына кезекті Жолдауын жариялайтынын да атап өтті. Онда еліміздің экономикалық және әлеуметтік саясатындағы маңызды мақсат-міндеттерді айқындап бермек.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциямыздың 30 жылдығы — еліміз үшін тарихи меже екенін айтып, Конституциямыздың алғашқы жобаларын әзірлеуге қатысқан азаматтарға, соңғы конституциялық реформаны жүзеге асыруға белсене атсалысқан бұрынғы депутаттар мен белгілі ғалымдарға ризашылығын білдірді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, заңдылық пен тәртіпті нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Ардақ СҰЛТАН



ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

бие жұмысын күшейту қажет екеніне назар аударды.

«Балаларға заңдарды қарапайым тілмен түсіндірген абзал.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желі арқылы тиісті жұмыс жүргізілуі керек. Жастардың құқықтық санасына отбасындағы тәрбие де зор ықпал етеді. Мұны ешқашан ұмытпауымыз керек.

Ата-ана, мектеп және мемлекет күш жұмылдырып, бала тәрбиесіне баса мән бергені жөн. Сонда ғана заңға бағынатын, өзінің де, өзгенің де құқығына құрметпен қарайтын ұрпақ тәрбиелейміз. Заң мен тәртіп — Әділетті Қазақстанды құрудың басты алғышарты», — деді Президент.

Жалпы, соңғы жылдары мемлекеттік саясатта терең өзгеріс жасалды. Конституциялық реформа осы ауқымды жұмыстың берік құқықтық арқауы болды. Сол арқылы саясатта, экономикада, әлеуметтік салада, сот жүйесінде «Әділетті мемлекет» қағидатын жүзеге асыруға жол ашылды. Ал Конституцияда жер және барлық табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені айқын көрсетілген.

Осы қағидатты іс жүзінде орындау үшін маңызды шаралар қабылданды. Мемлекет басшысы осынау шаралардың қатарында «Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасы болғанына назар аударды. Бұл бастама ел мен жер байлығының келер ұрпаққа енші ретінде үлестірілгенінің көрінісі болса керек. Әрі болашаққа деген сенімді ұялататын шара.

«Менің тапсырмаммен «Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасы әзірленді. Қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының жартысы балалардың арнайы есепшотына жіберілетін болды. Былтырдан бері Ұлттық қордан 1,5 миллиард доллардан астам қаржы бөлінді. Бұл — жас ұрпақ-

заң қабылданды. Жаңа заң өз кезегінде адамды еркінен тыс қандай да бір жолмен пайдалануға болмайтынына кепілдікті күшейтті. Сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін берілетін жаза едәуір қатанды. Некелесуге мәжбүрлегені үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленді. Адам ұрлағандар да қатаң жазаланады. Яғни, ел ішінде қыз алып қашу, өзгені құлдыққа ұстау сияқты жағымсыз қылықтарды тежеудің мүмкіндігі ашылды. Сөйте тұра, қылмыстық сот үдерісін ізгілендіру және оның тиімділігін арттыру үшін нақты қадамдар жасалып, тиісті кодекстерге ауқымды түзетулер енгізілді. Бұл да әділдіктің салтанат құруына қызмет ететін бастамалар қатарына кіреді.

Осындай бірқатар өзгерістердің жай-жапсарын айта келе, Қасым-Жомарт Тоқаев: «Конституцияның мерейлі белесіне орай «Рақымшылық туралы» заң қабылданды. Себебі мемлекет қылмыспен күрес саясаты мен әлеуметтік әділдік мәселесіне келгенде адамгершілік құндылықтарын басты орынға қояды.

Конституция әрдайым адам құқығының темірқазығы болуға тиіс. Бұл — мемлекет саясатындағы бұлжымас қағида. Конституциямыз алдағы уақытта да халқымыздың жарқын болашағына жол ашатын ең басты құжат болып қала бермек», — деді.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ — ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМҒА АПАРАР ЖОЛ

Мемлекет басшысы өз сөзінде Ата Заңның жұрт көзінен таса қала беретін бірқатар ерекшелігіне тоқталды. Президенттің пікірінше, Конституция еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайтуды, сондай-ақ заңды мүлтіксіз сақтау және адал азамат идеологиясын ілгерілетуді көздейтін жаңа қо-

ғидатына сай қоғамдағы әрбір әрекетіне жауапкершілікпен қарауға үндеуі қажет.

Қазақстан Конституциясы ұлтымыздың кемелдігі мен болашаққа ұмтылысын бүкіл әлемге паш етеді.

Конституцияның әр жолы мен рухын сақтау, соның негізінде жоғары құқықтық мәдениет пен ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру — еліміздің келешектегі табысының кепілі. Мұны барша халық түсінуге тиіс», — дей келе, жаһанда геосаяси тұрақсыздық белең алып, технология көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан кезеңде заңнаманы ұдайы жаңғыртудың маңызы зор екеніне тоқталды.

«Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект мемлекет пен



Қазақ — Ұлы дала заңына бас иген, ар-ұяттан аттамаған халық. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Әз Тәукеңіз Жеті жарғысы — нағыз дала заңының жарқын үлгілері. Осы дәстүр ешқашан үзілген емес. Жұртымыз дала заңынан қазіргі Ата Заңына дейін тарихи жолдан өтті. Өткен ғасырдың басында қазақ зиялылары бұл іске елеулі үлес қосты.

қоғамды өркендетудің мүлдем жаңа ұғымдары мен тәсілдерінің пайда болуына ықпал етті.

Көптеген елде адамның рөлі мен орны, жалпы оның постгуманистік әлемде тіршілік етуі жөнінде қоғамдық және парламенттік пікірталастар қызу жүріп жатыр.

Биотехнологияның жедел дамуы да біраз сұрақ туындатады. Оның салдары күрделі құқықтық коллизияға және қалыптасқан этикалық нормалардың ескіруіне әкеліп соғуда.

Заң шығарушылар халықаралық құқық жүйесін қайта құру арқылы өз елінің егемендігін сақтау міндетімен бетпе-бет келеді.

Сондықтан конституционализм ешқашан бір орында тұр-

мемлекеттік саясат өз жалғасын табады.

Көптеген елдің жастары бізді болашағы жарқын мемлекет ретінде таниды, Қазақстанға келгісі келеді, келіп те жатыр.

Еліміздің мақсаты — айқын, келешегі — зор. Біз цифрландыру мен жасанды интеллекттің ел игілігіне қолданатын озық мемлекет боламыз деп белсенді түрде жұмыс істеп жатырмыз», — деді Президент. Ол сондай-ақ Қазақстанның барлық аймағында мыңдаған шақырым жол салынып, жөнделіп, әуежайлар мен көпірлер бой көтеріп, су нысандарының құрылысы басталып жатқанын атап өтті. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және басқа да маңызды



30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Парламент Сенатының Төрағасы

КОНСТИТУЦИЯ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕРІК ТҰҒЫРЫ

Мемлекет басшысы атап өткендей, 1995 жылы қабылданған Конституция, шын мәнінде, Тәуелсіздігіміздің төлқұжаты болды. Халқымыздың бірлігіне негізделген Ата Заң арқылы біз елдігімізді күшейтіп, егемендігімізді нығайттық.

Алайда жаңа технологиялық, экономикалық және геосаяси жағдайлар тың ережелерді талап ететіні белгілі. Осыған байланысты 30 жыл ішінде Конституцияға 6 рет түзетулер енгізілді. Соның ішінде еліміздің саяси-құқықтық жүйесіндегі жаңа кезеңге жол ашқан ең басты реформа 2022 жылы жасалды.

Азаматтардың қатысуымен енгізілген сот түзетулер Ата Заңдағы «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген баптың іс жүзіндегі нақты көрінісі болды. Сол арқылы халықтың Конституцияға сенімі нығая түсті.

Аталған реформаның нәтижесінде еліміздің саяси жүйесінде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орнықты. Президенттің бір рет қана 7 жылдық мерзімге сайлану тәртібі енгізіліп, оның туыстарына мемлекеттік қызметте лауазым иеленуге тыйым салынды. Осылайша, отбасылық билікке Конституциямен тосқауыл қойылды.

Мәжіліс және мәслихат сайлаулары жаңа аралас жүйе арқылы өткізіліп, өкілді билікке әртүрлі көзқарастағы саяси күштер мен азаматтар келді. Сондай-ақ түрлі саяси партиялар Парламенттен орын алды. Әкімдерді сайлау институты да жүйелі түрде қалыптасып келеді.

Шын мәнінде, 2022 жылғы референдумнан кейін азаматтарымыз ел өміріне қажетті шешімдерді қабылдау үдерісіне белсенді қатысатын болды. Бұл – демократияның озық үлгісі екені сөзсіз.

Жалпы, соңғы жылдарда қолға алынған шаралар қоғамда заң мен тәртіпті басты қағидаға айналдыруды көздейді. Өйткені заң үстемдігі – әділетті қоғамның негізі. Президентіміз қазіргі таңда бұл қағидат сөз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асырылып жатқанына айрықша назар аударды. Осы ретте Конституциялық сот құрылуын ерекше атап өткен жөн. Екі жарым жылда бұл органның қарауына 11 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Бұл халықтың жаңадан енгізілген конституциялық бақылау институтына сенімі жоғары екенін көрсетеді.

Биыл егемен еліміздің Конституциясына 30 жыл толып отыр. Кеше осы мерейлі датаға орай өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің саяси-құқықтық дамуын қорытындылап, алдағы бағыт-бағдарымызды айқындап берді.



Кеше елордада Мемлекет басшысының қатысуымен Конституцияның 30 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция өтті. Мерейтой қарсаңында Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өткенге көз жүгіртіп, Ата заңның жүріп өткен жолын сараптап, тарихи белестерге жеке тоқталды. Сонымен қатар халқымыз үшін аса маңызды іргелі шешімдер қалай қабылданғаны жөнінде жаңаша қырынан тарқатып айтып берді. Президенттің бүгінгі сөйлеген сөзінің ерекшелігі – тың ойлар мен тың деректер көп айтылды.

Ерлан ҚОШАНОВ,
Парламент Мәжілісінің Төрағасы

АТА ЗАҢ – ЕЛДІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Елдік дәстүріміздің тамыры тереңнен бастау алады. Дала заңы мен хандарымыз тасқа қашап кеткен заңдар жинағы осыдан тура 30 жыл бұрын қабылданған Ата Заңымызбен біте-қайнасып жатыр. Мемлекет басшысы бүгінгі сөзін осыдан бастады.

Шын мәнінде, Конституция – елдігіміздің айнасы, тәуелсіздігіміздің тұғыры, мемлекетіміздің басты құжаты. Президент айтқандай: «Ата Заңнан биік ештеңе жоқ». Елгемендігін айшықтайтын, мемлекеттің басты қағидаттарын айқындайтын, құқықтық жүйесін қалыптастыратын, заң мен тәртіпті нығайтатын – негізгі нормалардың жиынтығы.

Әрине, Конституцияға әр жылдары әртүрлі өзгерістер енгізілгені белгілі. Ол – заман қажеттілігінен туындаған түзетулер. Бірақ солардың қатарында 2022 жылғы толықтырулардың орны бөлек. Конституцияның үштен бір бөлігі жаңарып, еліміздің саяси өміріне түпкілікті өзгерістер алып келді. Мемлекет басшысы сол күрделі кезеңде Ата Занды түгелдей дерлік өзгерту жөнінде де ұсыныстар болғанын айтты. Дегенмен Президент реформалаумен шектеліп, 1995 жылы қабылданған Конституциясының негізгі мән-мазмұнын сақтау жөнінде шешім қабылдады.

Сол тарихи өзгерістер халықтың талап-тілегінен туындап, ел-жұрттың тікелей атсалысуымен, олардың ой-пікірі мен көзқарасын ескере отырып, алғаш рет референдум арқылы бекітілді. Бұл – ел болашағына қатысты мәселелердің бәрі халықтың қатысуымен шешіледі деген принциптің іс жүзінде орындалуының көрінісі. Және осы қағидат біздің қоғамда берік орнығып келеді.

Жалпы, 2022 жылғы конституциялық реформалар мемлекеттік құрылымға елеулі өзгеріс әкеліп, бетбұрыс кезеңіне айналды. Суперпрезиденттік жүйеден бас тартып, президенттік басқару формасына көштік. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы билік тармақтарының тиімділігін арттырып, жауапкершілігін күшейте түсті. Мемлекет басшысының жеті жылға бір-ақ рет сайлануы тек біздің өңірде ғана емес, жалпы

әлемде бұрын-соңды болмаған құбылысқа айналды. Ал оның жақын туыстарының жоғары лауазымды қызметтер атқаруына тыйым салынуын халық ерекше ықыласпен қабылдады. Сөйтіп, биліктің бір қолға шоғырлануына түбегейлі тосқауыл қойылды.

Осы конституциялық реформалардың нәтижесінде билік тармақтары түгел жаңғырды. Президент, Сенат пен Мәжіліс, мәслихаттар сайлауы өтті. Ауыл, аудан әкімдерін тікелей сайлау жүзеге асуда. Саяси партияларды тіркеу ережелері едәуір жеңілдеп, аралас сайлау жүйесі енгізілді. Осылайша, билікке әр түрлі көзқарастағы саяси ұйымдар мен адамдар келді.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға Президент әуел бастан ерекше көңіл бөліп отыр. Конституциялық сот құрылып, адам құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебеге ие болуы – соның айқын дәлелі. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық туралы заң қабылданып, өлім жазасына толық тыйым салынды. Адам саудасымен кешенді күрес күшейтіліп, Конституцияның 30 жылдығына орай рақымшылық жасалды. Бұл да адам құқықтарының қорғалуына бағытталған нақты қадамдар.

Бір сөзбен айтқанда, заң мен тәртіп – Президенттің басты ұстанымы, саяси бағдарының негізгі өзегі. Бұл қағидатты қоғам санасына сіңіру – маңызды міндет. Сондықтан бүгін Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев құқықтық мәдениетті отбасынан, мектеп қабырғасынан бастап қалыптастыру жөнінде тапсырма берді. Ол біздің өміріміздің ажырамас бөлшегіне айналуға тиіс.

Конституцияға енгізілген тағы бір ауқымды өзгеріс – жер және оның қойнауындағы қазына-байлықтың халыққа тиесілі екенін шегелеген норма. Соның нәтижесінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы қабылданып, екі жылдан бері жемісін беріп келеді. Мұны өске-лен ұрпақтың ертеніне зор сеніммен қарауына жол ашқан игі қадам дер едім.

Жаһандық сын-қатерлерге қарамастан, жүргізілген ауқымды саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік реформалардың арқасында еліміз дамудың даңғыл жолына бет бұрды. Ол – Әділетті Қазақстан құру жолы.

Бастысы, бұл жұмыс ашық әрі қоғаммен бірге жүргізіліп жатыр. Сондықтан халық Мемлекет басшысына сенім артып, арқа сүйеп отыр.

Іргелі реформалар өз жемісін беруде деп толық сеніммен айта аламын. Ұлтымыздың ұйысуы ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды қолға алуға, жаңа инновациялық өндірістерді іске қосуға жол ашуда. Ұлттық экономиканың даму қарқыны артып келеді. Отандастарымыз ел өміріне белсене араласып, мемлекетіміздің игілігі жолында барын салып жатыр. Азаматтарымыздың ғылымда, білім бөйтелерінде, спортта жаңа жетістіктерге қол жеткізуі, биік белестерді бағындыруы – соның жарқын көрінісі.

Жалпы, халықтың мұң-мұқтажы, талап-тілегі алдыңғы орынға шығып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы кеңінен қанат жая бастады. Конституциялық реформа қоғамда әділдік орнатып, Мемлекет басшысының табанды әрекеттерінің арқасында азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын толыққанды әрі тиімді құралға айналып отыр. Осы жолда барлық билік институттары мен тұтас халқымыз Президенттің манайына топтасып, болашаққа нық қадам басып келеді. Ең бастысы, елімізде жаңа саяси мәдениет қалыптасып, жұртшылықтың санасы жаңғыруда.

Жиында Мемлекет басшысы Конституцияның 30 жылдығына орай Ата заңның бастауында болған, конституциялық құрылымның қалыптасуына еңбек сіңірген бір топ қайраткерлерге мемлекеттік наградалар табыстады. Олардың қатарында Қайрат Мәми, Игорь Рогов, Жолымбет Баишев, Виктор Малиновский сияқты тұлғаларымыз бар. Олардың Президент қолынан мәртебелі марапат алуы орынды әрі әділетті деп есептеймін.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай: «Біздің қазіргі Конституциямыз – өркениетті болашаққа жол ашатын, халқымыздың игілігіне қызмет ететін Ата Заң. Біз бір ел болып қолға алған реформалар Конституциямыздың жасампаз рухын күшейте түсті. Бұл кезең еліміздің тарихында түбегейлі жаңғыру кезеңі болып қалары анық». Осы мүдде, осы жолда бәріміз бір кісідей жұмыла әрекет етуге тиіспіз.

БАҒДАР

30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

ҚЫТАЙ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫМЕН
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЮДА

Шанхай ынтымақтастық ұйымының 25-ші мерейтойлық саммиті қарсаңында Астанада «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Цинхай провинциясы ҚКП парткомының Хатшысы У Сяоцзюньмен кездесті. Тараптар Қазақстан–Қытай қарым-қатынасының маңызды бөлігі саналатын партияаралық байланысты нығайту жолдарын талқылап, экологияны жақсарту бағытындағы бастамалар бойынша пікір алмасты.

Сөз басында «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек елімізде мемлекеттің орнықты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ау-

қымды реформалар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Осы орайда ол «AMANAT» партиясы Президент реформаларының қоғамдық тірегі ретінде заңсыз жеке қолға берілген жерлерді қайтару «Жер аманаты», ауыл тұрғындарының

тұрмысын жақсартуға бағытталған «Ауыл аманаты», азаматтардың қаржылық сауатын арттыруды көздейтін «Қарызсыз қоғам», ауылдық округ әкімдерінің кәсіби шеберлігін шыңдауға арналған «Әкімдер мектебі» жобала-

рын қолға алғанын мәлімдеді. Дәулет Кәрібек партия қызметінің маңызды бағыттарының бірі — экология мәселесі екеніне тоқталды. Мәселен, «AMANAT» партиясында Экологиялық кеңес жұмыс істейді, ұлттық туристік маршруттар желісін дамытуға арналған «Алатау аманаты» партиялық жобасы қолға алынды, Мемлекет басшысының бастамасымен жолға қойылған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы іс-шараларға ерекше көңіл бөлінеді. Сондай-ақ былтыр Астанада партияның «Жастар Рухы» жастар қанатының қолдауымен ШЫҰ Жастар кеңесінің отырысы өтіп, экология саласындағы жастар көшбасшылығы тақырыбына ерекше назар аударылды.

Өз кезегінде Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Цинхай провинциясы ҚКП парткомының Хатшысы У Сяоцзюнь Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин екі ел арасындағы қарым-қатынасты тереңдету мәселесіне баса мән беретінін және жыл өткен сайын достыққа, тату көршілікке негізделген әріптестік қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар ол партияаралық

байланыстар екіжақты қатынастардың дамуына зор ықпал етіп отырғанын және бұл кездесу өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтудың тағы бір маңызды қадамына айналғанын мәлімдеді. Цинхай провинциясы Қытай Коммунистік партиясы парткомының Хатшысы аталған провинцияның жасыл технологиялар саласында қол жеткізген жетістіктеріне де тоқталды. Мәселен, былтыр Цинхайда жалпы электр энергиясы мен экологиялық таза қуат өндіру көлемі ел аумағында ең жоғары деңгейге жетті. Өңірдің бай табиғи ресурстары экологияны қорғауға бағытталған жоғары жауапкершілікпен ұштасып, осы провинция Қытай Халық Республикасында ұлттық парктарды дамыту ісінде көш бастап келеді.

Айта кетейік, былтыр Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары аясында «AMANAT» партиясы мен Қытай Коммунистік партиясы арасында өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, осы уақыт аралығында 15-тен астам бірлескен іс-шара ұйымдастырылды. Бұл құжат партияаралық байланысты күшейтуге, мемлекеттердің достық және тату көршілік қатынастарын нығайтуға, сондай-ақ екі партия арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті кеңейтуге бағытталған.

Әсет ҚАЛИ

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА
МҮМКІНДІКТЕРІ МОЛ

Алматы қаласында MOST IT HUB алаңында Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының (РПП «Атамекен») өңірлік кеңесінің және Креативті индустриялар мен IT салалық кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

Бұл алаң IT-секторды нығайту және цифрлық экономиканы дамыту бойынша бірлескен қдамдарды айқындайтын маңызды диалог алаңына айналды. Шараға бизнес өкілдері, технологиялық компаниялар, инвесторлар және индустриялық серіктестер қатысты.

Жиында Қазақстандағы IT саласының негізгі мәселелері — өнеркәсіптегі цифрландыру мен B2B-шешімдерден бастап венчурлік қаржыландырудың перспективалары мен қаржы секторының ынтымақтастығына дейінгі тақырып талқыланды. Жеке сессияда Aitu мессенджеріне назар аударылды. Атап айтқанда, BTS Digital компаниясының өкілдері сервис туралы таныстырылым өткізіп, оны Қазақстанның цифрлық экожүйесіне ықпалдастыру мүмкіндіктерін таныстырды.

BTS Digital бас директорының міндетін атқарушы Жарқынбек

Азаматовтың сөзінше, бүгінде суперапп аясында компаниялар үшін чат-боттар мен колл-орталықтармен ықпалдастырудан бастап, мини-қосымшаларды іске қосуға дейінгі шешімдер қолжетімді.

— Қазақстанның болашағы — технологиялық прогресте, ал Aitu-дың дамуын біз осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі деп санаймыз. Біздің жұмысымыздың өзегінде пайдаланушы тұр. Aitu күнделікті өмірде ыңғайлы әрі пайдалы болуы маңызды. Біз платформаны азаматтар, бизнес және мемлекеттік құрылымдар үшін құрал ретінде дамытып жатырмыз. Бүгінде суперапп аясында компаниялар үшін чат-боттар мен колл-орталықтармен ықпалдастырудан бастап, мини-қосымшаларды іске қосуға дейінгі шешімдер қолжетімді. Бұл — өсу мен серіктестіктер үшін жаңа мүмкіндіктер, — дейді Жарқынбек Азаматов.

Елімізде барлық салалар секілді қаржы секторын цифрландырудың маңызы зор. Бүгінде қаржы секторын цифрландыру бағытында онтайлы жүзеге асырылған жобалар қатарында банктер клиенттерге 24/7/365 форматында онлайн-режимде қызмет көрсетуге көшуі, банктік шоттар, төлем карточкалары, депозиттер ашу, несиелер алу үшін банктің филиалы — офисіне келу қажеттілігінің болмауы, қызметтер онлайн форматта ұсынылуы — саланы цифрландырудың жемісі екені сөзсіз.

Осы орайда «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Дәурен Сартаев қаржы секторындағы цифрландыру тәжірибесімен бөлісіп, Aitu мессенджері жайлы да пікір білдірді. Ол отандық Aitu мессенджерін дамытудағы ілгерілеулермен танысудың пайдасы зор екенін айтты.

— Бүгін отандық Aitu мессенджерін дамытудағы ілгерілеулермен танысудың пайдасы зор болды. Қазірдің өзінде іске асырылған функциялар жиынтығы сервисті одан әрі дамытуға берік



бәсекелік негіз бола алады. Әсіресе, шетелдік баламалармен бәсекелестік жағдайында. Бұл — елдің цифрлық егемендігін нығайтуға бағытталған маңызды қадам, — деді ол.

Жиынды қорытындылаған Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Шоқанов, өз сөзінде, отандық өнімдер мен сервистерге қолдау көрсетудің маңыздылығына тоқталды.


— Мемлекет басшысы елімізде цифрлық экожүйенің толыққанды дамуына жағдайды жүйелі түрде қалыптастырып келеді әрі оның еліміздің бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер ететінін

үнемі атап өтеді. Бизнес пен азаматтар ретінде біздің рөліміз — «цифрлық тұтынушылық патриотизмді» қалыптастыру. Яғни, отандық өнімдер мен сервистерге қолдау көрсетіп, олардың дамуына және әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беру, — деді төраға.

Сондай-ақ жиында BYB Production инвестициялық қорының басқарушы серіктесі А.Белисбеков, Omir Group Ltd Директорлар кеңесінің мүшесі Д.Кунаев сөз сөйлеп, отандық IT-нарығын дамыту, қазақстандық өнімдерді, соның ішінде Aitu мессенджерін әзірлеу және ілгерілетудің маңыздылығын атап өтті.



30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



КОНСТИТУЦИЯ – ӨМІРІМІЗДІ ӨЗГЕРТЕТІН ТЕТІККЕ АЙНАЛУҒА ТИІС

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған және 2022 жылғы 19 қыркүйекте өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толды.

Еліміздің негізгі Заңына өзгерістер енгізу туралы мәселені неге Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жалпыхалықтық референдумға шығаруға шешім қабылдады?

Негізі, қазақстандықтардың өмірі 2022 жылғы қантардағы оқиғаларға дейін және одан кейін болып екіге бөлінді. Бұрынғы билік моделі өз мүмкіндігін толықтай тауысып болғаны анық байқалды, енді реформалар жасалуы сөзсіз еді. Сондықтан Мемлекет басшысы 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында ауқымды конституциялық реформаны ұсынды.

Реформаның басты идеясы — бүкіл билік Мемлекет басшысының қолында шоғырланған «суперпрезиденттік» республикадан бас тартып, орнына күшті әрі тәуелсіз Парламенті бар, үкіметі халыққа есеп беретін теңгерімді президенттік республикаға көшу.

Конституция — қатып қалған құжат емес. Оның күші мәтінге емес, оның іс жүзінде қалай жұмыс істейтініне байланысты. Дамыған демократиялық елдерде де ол уақыт қысымы мен қоғамның сұранысы жағдайында өзгереді. Егер конституциялық реформалар тарихына көз жүгіртсек, елімізде республикалық референдум арқылы Конституция тек бір рет — 1995

жылы қабылданғанын көреміз. Осыдан кейін Конституцияға бес рет түзетулер енгізілді — 1998, 2007, 2011, 2017 және 2019 жылдары. Бұл өзгерістер азаматтардың тікелей қатысуына және қоғамдық пікірге сүйенбей, Парламент арқылы қабылданды. Бұл іс жүзінде бір тұлғаның бақылаусыз супербилігіне алып келді.

2022 жылы біз Конституцияны жетілдірудің саналы қажеттілігін бірлесе түсінудің алдында тұрдық. Бұл маңызды, себебі Мемлекеттің негізгі Заңына енгізілген түзетулер тек ауқымдылығымен ғана емес, сондай-ақ мазмұнының тереңдігімен де ерекшеленді. Ондай мазмұнсыз Мемлекет басшысы жариялаған Жаңа Қазақстанды құру үшін толыққанды заңнамалық база жасау мүмкін емес еді.

Мемлекет басшысы ұсынған саяси реформалар іргелі сипатқа ие болды. Бұл реформалар қоғамның саяси жүйені демократияландыруға бағытталған ұзақ жылдар бойғы сұранысынан туындап, азаматтарға мемлекеттік шешімдерге ықпал етуге және қазіргі заманғы Қазақстанды құруға тікелей қатысуға мүмкіндік беруді көздеді. Осы тұста, «2022 жылы енгізілген конституциялық түзетулердің қайсысы қоғам өміріне тікелей әсер етті?» деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Ең алдымен, түзетулер елдегі биліктің ұйымдастырылуы мен өкілеттіктердің

қайта бөліну мәселелеріне қатысты жүзеге асырылды. Ал Конституция талаптарын жүзеге асыру үшін бүгін қандай заңнамалық бағыттарды қабылдау қажет дегенге тоқталар болсақ, менің пікірімше, біріншіден, 6-бапқа енгізілген түзету маңызды қадам, бірақ онда белгілі бір толық түсіндірілмеген тұстар бар. Егер болашақта мемлекеттің жер қыртысы мен табиғи ресурстарды халық атынан қалай басқаратыны туралы арнайы конституциялық заң әзірленбесе, бұл норма көркем, бірақ декларативті әрі мазмұнсыз сөз болып қалуы мүмкін.



Бүгінде Конституция нормалары декларация болып қалмай, шын мәнінде халықтың өмірін өзгертуі – бәрімізге және өзімізге байланысты.

Мұндай заң мына мәселелерді нақты реттеуі керек: табиғи ресурстардан түсетін табыстар қалай қалыптасатыны, олар қалай бөлінетіні, қоғамның бақылау механизмдері қалай жұмыс істейтіні туралы нақты шешімдер керек. Екіншіден, мемлекеттік қызметшілер тек мемлекетке ғана емес, халыққа да қызмет етуге тиіс. «Халыққа қызмет ету» принципі Конституцияға енгізілген, алайда заңдарда ол жоқ. Мемлекеттік қызметшілер көбінесе қоғамнан гөрі жүйеге жұмыс істейді. Осыған байланысты «Қазақстан халқының қызметі туралы» жеке

заң қабылдау қажет деп есептеймін, ол мемлекеттік аппараттың жұмыс принциптерін қайта құрып, міндетті түрде ашық есептілік, кері байланыс және жауапкершілік механизмдерін енгізуге тиіс.

Осы заң жобасында «құлақ асатын мемлекет» ұғымын нақты анықтау қажет, өйткені ол заңмен реттелмеген. Статистикаға сәйкес, 2024 жылы е-Отініш арқылы 4,5 миллион өтініш тіркелді, оның ішінде жергілікті атқарушы органдарға түскен сұраулардың үлесі тек 6% болды. Осылайша, халық әділеттілікті әлі де орталық деңгейден іздеп отыр, өңірлік деңгейде емес. Сонымен бірге «тыңдау» деңгейі жоғары болғанымен, халықтың сұрауларына берілген жауаптардың тиімділігі қанағаттанарлықсыз, бұл қайталанған өтініштердің көбеюіне әкеледі. Көп жағдайда нақты шешімдер орнына жауаптар формалды түрде жазылып шығады. Үшіншіден, Қазақстан Республикасының дамуындағы негізгі қағидалардың бірі ретінде көрсетілген 1-баптың 2-тармағына назар аудару қажет деп есептеймін, онда «...бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму...» туралы айтылған. Өмір көрсеткендей, бұл қағида толық орындалмайды, ал оның толық игілігін негізінен олигополистер мен өте бай адамдар пайдаланатынын Президент атап айтып берді. Бірақ мәселе шешілмеген күйінде қалып отыр. Мысалы, World Inequality Database деректеріне сәйкес, Қазақстандағы ең бай 1% халық елдің барлық қаржылық активтерінің 55%-ына иелік етеді, оның ішінде банк депозиттері, жылжымайтын мүлік, бизнес активтері және шетелдік инвестициялар бар. Сол уақытта елдегі орташа халықтың 50%-ы елдің мүлкін тек шамамен 5%-ына ғана иелік етеді. Бұл кол-

бойынша көшбасшы болып табылады (14,77 мың АҚШ доллары). Бұл көрсеткіш Ресейдің (14,26 мың АҚШ доллары) және Қытайдың (13,69 мың АҚШ доллары) көрсеткіштерінен де жоғары! Алайда халықаралық өмір сүру сапасы рейтингінде Қазақстан 2024 жылдың қорытындысы бойынша 88 елдің ішінде 77-орында тұр.

Егер 2029 жылға дейін минималды жалақы индексациясыз 85 мың теңге болып қалатын болса, онда ол ЖІӨ-нің жоғарыда аталған көрсеткіштерімен айқын сәйкес келмейді. Осы жағдайдың себебі неде деген заңды сұрақ туындайды. Менің ойымша, бұл барлық үкіметтердің Конституцияда белгіленген негізгі қағидаларды жеткілікті деңгейде сақтамауымен байланысты. Орын алған жағдайды түзету үшін үкіметке қабылданған барлық әлеуметтік-экономикалық бағыттағы заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерді, соның ішінде жергілікті атқарушы органдардың өңірлік деңгейде қабылданған шешімдерін негізгі Заңға сәйкестігі тұрғысынан қайта қарап, өзектендіру қажет.

Конституцияның кейбір баптарына қатысты қарама-қайшы түсініктер мен жүзеге аспаған нормалар да бар, оларды мамандардың зерттеуі қажет. Бұл біздің Конституциямыздың әлеуеті әлі толық ашылмағанын көрсетеді. Сондықтан заңғылымы үшін, әсіресе негізгі Заңның басты қағидаларын толығырақ әрі тереңірек ашу мақсатында, нормативтік актілер жүйесін жетілдіру бойынша кең ауқымды жұмыс бар. Сонда ғана заң алдындағы барлық адамның теңдігі туралы норма не үшін жазылған деген сұрақтар туындамайды. Бұл — негізгі қағида, яғни кез келген нормативтік-құқықтық акт құқықтық қатынастар субъектілері үшін ұқсас жағдайларда болжамды, ұқсас және түсінікті салдарларды қамтуы тиіс, ал егер айырмашылықтар немесе ерекшеліктер болса, олар ақылға қонымды сипатта болуы керек.

2022 жылы өткізілген республикалық референдумда қабылданған конституциялық өзгерістер — бұл тек сыртқы өзгерістер емес, саяси жүйенің нақты қайта құрылуы және түбегейлі өзгеріс нүктесі. Көп жылдан бері алғаш рет азаматтарға еліміздің Конституцияның қандай болу керектігін тікелей шешу мүмкіндігі берілді. Мен бұл қадам халықтан шыққан биліктің шынайы Қазақстанды құруға жасаған маңызды қадам деп санаймын. Бүгінде Конституция нормалары декларация болып қалмай, шын мәнінде халықтың өмірін өзгертуі — бәрімізге және өзімізге байланысты.

Еділ МАМЫТБЕКОВ,
Қазақстан Республикасының
Парламенті Сенаты
жанындағы Сенаторлар
кеңесінің мүшесі



30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Жасыл жайлауда жұлдызды аспанмен сырласып, табиғаттың сыбдырына елтіген қазақ халқы үшін еркіндік – ең асыл дүние. Жалпы адамзаттың жаратылысына әу бастан еркін тірлік жарасымды. Ана жатырында тоғыз ай жетілген шарананың кесімді сәті келгенде бұлқынып, жарық дүние, шексіз кеңістікке асығуының өзі пенде атаулының азаттық мұратына бейсана шақтан бейілді екенін аңғартса керек. Бұл ретте Қазақстан мен Ата Заңымыздың басты құндылығы әрі ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқығы мен бостандығы. Конституция соған кепілдік береді.

А Айхан ШӘРІП

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүние-жүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз», — деп басталады Ата Заңымыз.

Дәл осы еркіндік, теңдік пен татулық — халқымыздың өмірінің мәніне айналды. Сонымен бірге бұл әрбір азаматқа өз жұрты мен өз Отаны алдында жоғары жауапкершілік жүктейді. Ел алдында өзіне осындай жауапкершілік алған Мемлекет басшысы 2022 жылғы конституциялық реформасы арқылы еркіндік, теңдік пен татулықты нығайтатын соны өзгерістерге, тың трансформацияға қадам жасады.

Бұған дейінгі жылдары жүзеге асырылған саяси реформалардың төрт топтамасы шеңберінде іргесі қаланған жаңғырулар азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге, билікке терең тамыр жайған неопотизммен күресуге, сайлау жүйесін жетілдіруге күш-жігер шоғырландыра отырып, жаңа қарқынмен жалғасты.

Жалпы, азаматтардың еркіндігін, соның ішінде еңбек бостандығын шектейтін кеселдің бірі — неопотизм. Конституциялық реформа аясында жалпыұлттық диалогты жолға қоюдың бір көрінісі, мемлекеттік шешімдерді қабылдаудың сарабдал бір стандарты, жаңғырудың жаңа рәмізі — осы кесапатқа тосқауыл қою болды. Латынның *perotis*, яғни «немере, ағайын» сөзінен туындаған неопотизм қазір биік лауазымды тұлғалардың жұмысқа орналастыруда кәсіби қасиеттеріне қарамастан, төл туған-туысына, жора-жолдасына, тамыр-танысына артықшылық пен басымдық ұсынуын, фаворитизмді білдіреді.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауында Қазақстанды түбегейлі жаңғырту аясында өзіне қатысты шектеулер қабылдайтынын жариялады. Саяси трансформацияның бүкіл салада тамыр-таныстық пен монополияны түбірімен жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыруды көздейтінін мәлімдеді.

Біріншіден, Ата Занда «бір адамның бір реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайтыны» бекітілді. Тиісінше, жаңа сайланған Мемлекет басшысы 7 жылға созылатын тек бір кәденциясын өткеріп, ел тізгінін келесі көшбасшыға тапсыруға міндетті. Екіншіден, ол елдің көшбасшысы партиясындағы төрағалығынан ерікті түрде бас тартты. Үшіншіден, «Президент өзінің өкілеттігін атқару кезеңінде пар-

АЗАТ ОЙДЫҢ АЙБАРЫ



тияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті» деген қағида заң жүзінде ресімделді.

Бұл норма саяси бәсекені арттырып, барлық партияның дамуына бірдей жағдай жасайды. Осы арқылы болашақ көшбасшыны негізгі саяси институттарды өзіне бағындырып алуға құмар болудан сақтайды. Дәл сол сияқты, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның, Конституциялық соттың төрағалары мен мүшелері де міндетті түрде партиядан шығуы керек деген норма заңнамаға енгізілді. Оның бәрі бүгінде партиядың мүшелігін тоқтатты. Олар сондай-ақ кәсіподақтарға мүше бола алмайды әрі елдегі саяси күштердің бірінің шашбауын көтеріп, оны қолдап, мәлімдеме жасай алмайды.

Төртіншіден, барлық өкілеттікті бір қолға шоғырландырған орталықтағы жағдай аймақтарда қайталанатын. Сол себепті жаңғыру аясында әкімдер мен олардың орынбасарларына қандай да бір партияның филиалын басқаруға заң жүзінде тыйым салынды. Мұндай шешімдер сайып келгенде көпполюсті партиялық жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтеді. Президенттің айтуынша, олар мемлекетті жеке меншігі сияқты көре бастайды. Тамыр-таныстық пен рушылдық кадр іріктеу ісін бұрмалап, сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюына соқтырады. Мұндай қарым-қатынас шағын ғана топтың шалқып өмір сүруіне жол ашады. Ал өзгелерді өмірінің ешқандай болашағы жоқ екеніне біржола мойынсұнып, тек өлместің күнін көру үшін арпалысуға мәжбүрлейді.

Барлық азаматқа бірдей мүмкіндік берілетініне Мемлекет басшысы мызғымас кепіл болуға

тиіс. Сондықтан Қ.Тоқаевтың ұсынуымен, Ата Заңға өзгерістер аясында Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге заң жүзінде тыйым салынды. Конституцияның 43-ші бабында: «4. ҚР Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ», — деп атап өтілген. Сондай-ақ Президент өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партиядан болмауға тиіс. Мұның сыртында Мемлекет басшысына өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынды.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұрсұлтан Байтілесов бұрындары «Сенің көкең кім?» деген сұрақ алдынан жиі кес-кестегенін еске түсірді: «Непотизмнің адамдар санасына терең сіңгені сонша, соның кесірінен бос лауазымға үміткердің қабілеті мен қасиеттерін, оның әлеуеті мен мүмкіндіктерін, кәсіби деңгейін объективті бағалау қиынға айналды. Бұл биліктің орталық жүйе жүйесін зақымдаған генетикалық дертке ұқсайтын. Байланысың болмаса, сен ешкім емессің, ешкімге керек емессің. Қайда барса, «өз» адамдарын қорғап, ілгерілетіп, командаларын көшіп жүретін. Салдарынан, ең дарынды, қабілетті, ақылды азаматтар еңбек жолының шетіне ысырылды, шетелге кетуге мәжбүрленді», — дейді заңгер-депутат.

Әсіресе, әкімдер арасында креслосына тамыр жайып кеткендей, бес-он жыл бойы тапжылмай отыратын тұлғалар пайда болды, олар өз аймағында бейресми «князьге» айналып, билігін істеді, өзіне жаққан жандарды маңызды лауазымдарға тағайындады. 2022 жылдан кейін ну ормандай бытыс-

қан бұл бағытта да түбегейлі «тазарту» басталды.

Саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің, басшылардың міндетті ротациясы енгізілді. Бүгінде Үкіметтің, министрлер мен облыс әкімдіктерінің құрамы толығымен өзгерді. Аймақ басшысы «ескі әуенге» салып, төмен тұрған әкімдерді қалағанынша тағайындай алмайтын болды. Бүгінде жергілікті тұрғындар өз әкімін өзі сайлайды. Орталық сайлау комиссиясының дерегінше, елдегі іргелі реформалардың нәтижесінде қазір әкімдердің 90%-дан астамын немесе шамамен 2 500 әкімді халық тікелей өзі сайлайды.

Осы уақытқа дейін ауылдардың, ауылдық округтердің, кенттердің және аудандық маңызы бар қалалардың 94%-ының әкімдері сайланды. Қалған 6%-ын жергілікті жұртшылық 2025 жылы сайлап алады. Бұған қоса, биыл аудан әкімдерінің сайлауы өтіп жатыр. Ендеше бұл орынға да облыс әкімі туысын, танысын не басқа «фаворитін» отырғыза алмайды, халықтың дегені қалып болады, елге ұнаған үміткердің аты озады.

Айта кету керек, Президенттің бастамасымен, аудан және қала әкімдерінің сайлануын енгізу — сайлау жүйесін дамытудың кезекті кезеңіне айналды. Тұңғыш рет 2023 жылы пилоттық режимде 42 аудан әкімінің және облыстық маңыздағы 3 қаланың — Курчатов, Приозер және Рудныйдың әкімдерін тікелей сайлау ұйымдастырылды. 2025 жылы бұл тәжірибе бірқатар басқа аудан-қалаларға таратылып жатыр. Қалай болғанда, дәл осы кезден бастап Қазақстанның сайлау органдарының жүйесі тұрақты электоралды циклге толығымен ауысты.

Демократияландыру процесін алға жылжыту барысында Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросы сияқты халықаралық ұйымдар сарапшыларының тұжырым-тоқтамына да құлақ түрді, Ата Занды жаңарту кезінде олардың сын-ескертпелерін ескерді. Мысалы, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің айтуынша, ЕҚЫҰ/ДИАКБ Мәжілістегі Қазақстан халқы ассамблеясының 9 депутаттан тұратын квотасы республиканың халықаралық міндеттемесіне сәйкес келмейтінін, ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 7.2 параграфына қайшы екенін қайталаумен келді.

Ол құжатта ұйымға мүше елдердің ұлттық заңнамалық органының кем дегенде 1 палатасының депутаттары толығымен әрі тікелей сайлануға тиістігі жазылған. Бұл

ретте Қазақстан Парламентінің жоғарғы палатасы — Сенатта сайланбайтын, Президент тағайындайтын депутаттар бар. Ал Мәжілісте халық сайламайтын Ассамблеяның 9 депутаты болды, олар тіпті жеке фракциясын иеленді. Міне, 2022 жылғы конституциялық реформа аясында ассамблеялық квота жойылды.

— Енді біздің Парламенттің төменгі палатасының барлық депутаты тікелей дауыс беру арқылы сайланады. Бұған саяси партиялардың Мәжіліске өту шегінің бұрынғы 7%-дан 5%-ға дейін төмендетілгенін, жаңа партияларды тіркеу үшін талап етілетін оның жақтаушыларының саны мен қолының 20 мыңнан 5 мыңға дейін азайтылуын қосуға болады. Халықаралық ұйымдардың басқа да бірқатар ұсынымдары талданады, сарапшылардың пікірлері зерделенеді, түрлі кеңес-консультациялар өткізіледі, — деді Орталық сайлау комиссиясының төрағасы.

Демек, конституциялық жаңғыру, саяси реформа осымен тоқтап қалмауға тиісті. Еліміздің басты сайлау органы озық елдердің сайлау заңнамасын мұқият зерттейді, үздік тәжірибелерін қарастырады. Мысалы, кейбір елде президенттікке кандидаттардың ата-аналарына қатысты талаптар бар көрінеді. Сондай-ақ базбір ел кандидаттарға «моральдық шектеу-ценз» қояды. Мәселен, Сингапурда адалдық, парасаттылық, жақсы бедел-репутация, АҚШ-тың бірқатар штатында сыпайылық пен жақсы мінез-құлық сияқты «өту шектеулері» бекітілген.

Халықпен тікелей диалог аясында азаматтардың басты бір сұранысы партияны ғана емес, нақты тұлғаларды да сайлауға мүмкіндік беретін мажоритарлық жүйені қайтару екені айқындалды. Сөйтіп, 2022 жылғы конституциялық реформаның нәтижесінде елде аралас сайлау жүйесі енгізілді: Мәжіліс депутаттарының 70%-ы партиялық тізімдер бойынша сайланады. Бұл жағдайда депутаттық корпусқа қай өкілі кіретінін әрбір партия өзі тандайды, үміткерді партиялық тізімдегілерден іріктейді. Мәжіліс депутаттарының тағы 30%-ын бірмандатты округтер бойынша жергілікті сайлаушылар өз кандидаттары арасынан өзі сайлап алады.

Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарында арақатынас 50/50-ді (жартысы — партиялық тізімнен, жартысы — бірмандатты депутаттар) құрайды. Ал аудандық мәслихаттардың барлық депутаты тек бірмандатты округтер бойынша сайланады.

Қорыта айтқанда, Президенттің кәденциясының, сонымен қатар конституциялық реформаның негізгі мақсаттары мен нық қағидаттары ұқсас, бұлар — әділдік, жаңғыру, демократия және инклюзивтілік пен қоғаммен диалог. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың бастамасымен жүргізілген конституциялық реформалар арқылы елдің саяси және сайлау жүйесін трансформациялау — барлық деңгейдегі депутаттарды, сондай-ақ әкімдерді тікелей сайлау жолымен халықтың елді басқаруға қатысуын арттыруды, билік институттарын қалыптастырудың сапалы жаңа моделіне көшуді білдіреді. Бұл — халық билігін нығайтуға бағытталған нақты қадам.



30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



ралы конвенция және басқа да халықаралық стандарттарға сәйкес ұстау жағдайларының адамгершілікке сай болуын, адам қадір-қасиетіне құрметпен қарауды, отбасыны қорғауды, медициналық көмек пен білім алу құқығын қамтамасыз етуді көздейді. Қазақстан бұл талаптарды, әсіресе әлеуметтік қолдау мен осал топтарды қорғау бөлігінде, жүзеге асыру бағытында қадамдар жасауда, — деді депутат.

Оның айтуынша, рақымшылық жасаудың негізгі мақсаты — қылмыстық саясатты ізгілендіру және қоғамға айтарлықтай қауіп төндірмейтін сот-

шылық жасалса, нәтижесінде жалпы саны 58 000-ға жуық адам бостандыққа шығып, 11 000-нан астам адамның жаза мерзімі қысқартылыпты.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Абзал Құспаннның пікірінше, бұл жолғы рақымшылыққа ілігетіндердің саны өзге лекке қарағанда әлдеқайда көп, мемлекет тарихындағы ауқымды қадам болмақ.

«Әрбір үшінші, тіпті одан да көп адамға осы рақымшылық актісі қолданылады. Соңғы төрт рақымшылық туралы айтайын. 2006 жылы Тәуелсіздік

шелігі сол — сан жағынан бұдан бұрын жарияланған рақымшылық заңдарына қарағанда әлдеқайда көп адам санын қамтып отыр», — дейді ол.

Қазір амнистияға іліккендердің алды босап шығып жатыр. Шілде айында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚАЗ департаментінің №50 мекемесінен Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай жарияланған амнистия аясында сотталған әйел бірінші болып бостандыққа шықты. Қылмыстық кодекстің 108-бабы бойынша сотталған 43 жастағы әйел 9 ай мерзімге бас бостандығынан айырылған екен. Оның жаза мерзімі рақымшылыққа сәйкес 7 айға қысқартылып, ол мерзімінен бұрын бостандыққа шықты.

Биыл рақымшылыққа ілігетіндердің өңіріндегі көрсеткіші әртүрлі. Алдын ала болжам бойынша, Ақмола облысында — 500, Қостанай облысында — 300, Ақтөбе облысында — 200, Түркістан облысы мен Шымкент қаласында — 675, Шығыс Қазақстан облысында — 405, Қарағанды және Ұлытау облыстарында — 700-ге жуық адамға рақымшылық жасалады деп күтілуде. Дегенмен сала мамандары жалпы босап шыққандардың арасында қайта қылмыс жасайтындар кезігетінін айтады. Сондықтан жалпы изоляцияда болған бұл азаматтарды ортаға бейімдеп, жұмысқа орналастыру үшін психологиялық көмек ауадай қажет. Мемлекет бостандыққа шыққандарды қайта әлеуметтендіру үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, «Пробация туралы» заңы, сондай-ақ Еңбек кодексі мен әлеуметтік заңнаманың нормалары шеңберінде қолдау көрсетеді. Пробациялық бағдарламалар аясында жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, уақытша тұрғын үй беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау қарастырылған. Сонымен қатар «Рақымшылық жасау туралы» заңға сәйкес, жергілікті атқарушы органдар бостандыққа шыққандарға әлеуметтік құқықтық көмек беріледі.

Соңғы жылдары мемлекеттік емес ұйымдармен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп рақымшылыққа іліккендерді қоғамға қайтару бағдарламаларын іске қосты. Қоғамнан оқшауланып, изоляцияда болған адамдардың қоршаған ортаға тез бейімделіп кетуі өте күрделі мәселе. Рақымшылық шарасының бірден-бір мақсаты — қылмыстық саясатты ізгілендіру және мейірімділік қағидатын жүзеге асыру десек, кешірім қағидаты — ізгілік, адамгершілік екені сөзсіз. Ал Абай хакімнің «Адам баласын заман өсіреді, кімдекім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» деген өсиетін ескерсек, сүрініп кетіп, қайта тұрған тағдырларды қолдап, қорғаштау бәріміздің адамшылық қасиетіміз болмақ.

РАҚЫМШЫЛЫҚ —

ІЗГІЛІК

ҚАҒИДАСЫ

Биыл Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бас бостандығынан айырылған жүкті әйелдер мен кішкентай балалары бар әйелдердің жағдайына назар аудару туралы ұсынысын басшылыққа ала отырып, Парламенттің бір топ депутаты Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы қарсаңында рақымшылық жасау туралы заң жобасын әзірледі.



Елдар ҚАБА (қолжазба)

А Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

23 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сотталған адамдарға рақымшылық жариялау туралы заңға қол қойды. Құжатқа сәйкес, Конституцияның 30 жылдығына орай 15 мыңнан аса адамға рақымшылық жасалатын болды. Олардың 2 мыңы бостандыққа шықса, қалғандарының жаза мерзімі қысқартылмақ.

— Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағандар ғана рақымшылыққа ілінеді. Ең алдымен, әлеуметтік жағынан осал топқа жататын адамдарға, яғни баласы бар әйелдерге, егде адамдарға, көмек жасына толмағандарға және осы санаттағы басқа да азаматтарға кешірім беріледі, — деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы мұны жаза басқан жан-дарға жасалған нақты көмек, олардың қоғамға қайта оралуына жағдай жасау деп түсіну қажеттігін атап айтты.

Қазақстан Республикасының ПІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2024 жылғы 18 шілдедегі есебінше, еліміздің 78 түзеу мекемесінде 37 мыңнан астам адам жазасын өтеп жатыр. Олардың 93% ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін сотталған болса, 45% қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталғандар.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Үнзила Шапақтың айтуынша, Қазақстандағы қылмыстық-атқару жүйесіндегі жағдай қанағаттанарлық болғанымен, кейбір түзету мекемелерінің толып кеткені байқалған.

— Қазір қылмыстық-атқару жүйесіндегі жағдайды тұрақты түрде жақсарту және реформалау шаралары қабылдануда, мекемелер жаңғыртылуда, қайта әлеуметтендіру бағдарламалары енгізілуде. Еліміз БҰҰ-ның «Нельсон Мандела ережелері», Еуропалық қылмыстық-атқару ережелері, Бала құқықтары ту-

Рақымшылық жасаудың негізгі мақсаты — қылмыстық саясатты ізгілендіру және қоғамға айтарлықтай қауіп төндірмейтін сотталғандар санын азайту. Сондай-ақ рақымшылықтың, ең алдымен, әлеуметтік тұрғыдан осал санаттарға бағытталуы — бұл бір мезгілде мейірімділік қағидатын жүзеге асыруға және түрме жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

талғандар санын азайту. Сондай-ақ рақымшылықтың, ең алдымен, әлеуметтік тұрғыдан осал санаттарға бағытталуы — бұл бір мезгілде мейірімділік қағидатын жүзеге асыруға және түрме жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Елімізде қылмыстық саясатты ізгілендіру мақсатында тәуелсіздік жылдарында сотталған адамдарға 9 рет рақым-

күніне байланысты 5 579 адамға амнистия жасалған. 2012 жылы Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай — 3 702 адам, 2016 жылы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай — 5 010 адам, 2021 жылы Тәуелсіздіктің отыз жылдығына орай 2 470 адамға рақымшылық қолданылған екен. Енді 15 мыңның үстіндегі адамға қолданылғалы отыр. Бұл жолғы рақымшылық заңының ерек-

ҚОҒАМ

30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Жаңа оқу жылы – жас түлектер үшін үлкен өмірге аяқ басатын маңызды белес. Әсіресе, еліміздің түкпір-түкпірінен елордаға арман арқалап келген студенттер үшін бұл кезең жаңа ортаға бейімделіп, сапалы білім алуға қадам жасауымен қатар, тұрмыстық мәселелермен де бетпе-бет келетін шақ. Соның ішінде жатақхана – студент өмірінің ажырамас бір бөлігі. Бұл жай ғана баспана емес, күнделікті тұрмыс тіршілігінен бөлек, өзін-өзі дамытуға, достар табуға, білімін тереңдетуге мүмкіндік беретін ерекше орта.



САПАЛЫ БІЛІМГЕ ЖАЙЛЫ ЖАТАҚХАНА КЕРЕК

Сондықтан «Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету – мемлекет алдында тұрған маңызды әлеуметтік міндеттердің бірі. Бұл мәселе жеке инвесторларды тарту арқылы жүйелі шешілуі тиіс», – деп атап көрсеткен болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің осы тапсырмасы бүгінде нақты нәтижесін беріп, еліміздегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары бұл бағытта тиімді шешімдер қабылдап жатыр. Ал Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті еліміздің жетекші оқу орындарының бірі ретінде студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесін жүйелі әрі нақты шешіп келеді. Әрі университет басшылығы жыл сайын студенттер санының артып келе жатқанын ескере отырып, заманауи студенттер үйлерін салуға және инфрақұрылымдық жағдайды жақсартуға ерекше назар аударып отыр.

Мәселен, биылғы жаңа оқу жылы қарсаңында университет тағы бір заманауи жатақхананы пайдалануға берді. Пушкин көшесі, 13А мекенжайында орналасқан жаңа ғимарат 354 орынға арналған. Бұл студенттер үйін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Bastau Partners.kz ЖШС салып, университет балансына тапсырды. Жалпы аумағы 4 421 шаршы метрді құрайтын 5 қабатты бұл нысанда 118 бөлме бар, әр бөлмеге 3 студенттен жайғастырылады. Барлық бөлме қажетті жиһазбен, тұрмыстық техникамен жаб-

қытты тиімді өткізуге арналған кеңістік ретінде қарастырады. Университет фило-софиясы – әрбір студент өзін қауіпсіз, жайлы ортада сезініп, толыққанды білім алуға тиіс.

Жалпы, соңғы жылдары Еуразия ұлттық университеті жатақхана инфрақұрылымын жаңғыртуда үлкен қадам жасады. Бытырғы оқу жылында университеттің студенттері, магистранттары мен докторанттары үшін 2 656 орынға арналған үш

жатақханаларда ерекше қажеттілігі бар студенттердің жағдайы ескерілген – ғимараттар инклюзивті дизайн және қолжетімді инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген.

Бүгінде университетте жалпы саны 7 мыңға жуық студентті қамтитын 11 студенттер үйі бар. Оның үшеуі инвесторлардың есебінен салынса, алтауы жекеменшік жатақханалармен жасалған ынтымақтастық меморандумдары аясында студенттерге қызмет көрсетуде. Нәтиже-

Бүгінде университетте жалпы саны 7 мыңға жуық студентті қамтитын 11 студенттер үйі бар. Оның үшеуі инвесторлардың есебінен салынса, алтауы жекеменшік жатақханалармен жасалған ынтымақтастық меморандумдары аясында студенттерге қызмет көрсетуде. Нәтижесінде, биыл университет бойынша жатақхана орындарының жалпы саны 8 500-ге жетті. Бұл – ауқымды көрсеткіш.



дықталған. Сонымен қатар коворкинг бөлмелері де қарастырылған – мұнда студенттер сабақ оқып, шығармашылық жобаларымен айналысып, түрлі іс-шара өткізе алады.

ЕҰУ әкімшілігі студенттерге жатақхана тек тұратын орын емес, өзара пікір алма-сып, жеке қабілеттерін дамытуға, бос уа-

бірдей жаңа жатақхананы пайдалануға берді. Бұл студенттер үйлері де мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі негізінде салынған. Олар барлық заманауи талаптарға сай жабдықталып, коворкинг аймақтармен, кітапханалармен, спорттық және тұрмыстық қызмет көрсету орындарымен толықтырылған. Сондай-ақ бұл

сінде, биыл университет бойынша жатақхана орындарының жалпы саны 8 500-ге жетті. Бұл – ауқымды көрсеткіш.

Сонымен бірге жатақханаға орналас-тыру тәртібі де уақыт талабына сай өзгерді. 2025-2026 оқу жылында студенттерді жатақханаға қабылдау электронды түрде Platonus жүйесі арқылы жүзеге асуда.

Студенттер өз өтініштерін онлайн жолдай алады. Бұл процесс қабылдау комиссиясымен бірлесіп, мемлекеттік грант иегерлерінің тізімі шыққан сәттен бастап басталып кетті. Жүйені енгізу – адами факторларды азайтып, ашықтық пен әділеттілікті қамтамасыз етуге арналған тиімді қадам. Сонымен қатар жатақхана қабылдау комиссиясы орналасқан орталыққа арнайы компьютерлер орнатылып, студенттердің құжаттары сол жерде де қабылдануда.

Университет ректорының тапсырмасына сәйкес, алыс өңірлерден келетін студенттердің жағдайын ескере отырып, мереке және демалыс күндері де қызметкерлер жұмыс істеуде. Сондай-ақ «БанкЦентрКредит» басшылығымен келіс-сөздер нәтижесінде, жатақхана төлемақысын мереке және демалыс күндері де қабылдау мүмкіндігі қарастырылып отыр.

Сонымен қатар университет жанынан ашылған Ахуал орталығы да ерекше атап өтуге тұрарлық бастама. Бұл орталық – жаңадан қабылданған студенттер мен олардың ата-аналары үшін уақытша орналастыру алаңы. Университетке құжат тапсыру кезеңінде қысқамерзімді баспана қажет болған жағдайда орталық 30 адамға дейін қабылдай алады. Мұнда студенттер мен ата-аналар 1-3 күн аралығында тұра алады. Ахуал орталығы тәулік бойы жұмыс істейді және ішкі тәртіп ережелеріне сай қызмет көрсетеді.

Ал жатақханаларға қабылдау нақты белгіленген кесте бойынша жүзеге асырылады: 1-курс студенттері – 25-27 тамыз аралығында, 2-курс пен жоғары курс студенттері – 25-31 тамыз аралығында, ал әлеуметтік осал топқа жататын білім алушылар (ата-ана қамқорлығынсыз қалғандар, мүмкіндігі шектеулі студенттер) 28-29 тамыз күндері орналастырылады.


Жатақхананың жылдық ақысы 200 мың теңгеден 400 мың теңге аралығында. Бұл баға Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы №374 бұйрығына сәйкес бекітілген. Алайда студенттер үйін ұстауға жұмсалатын нақты шығындар әлдеқайда жоғары. Университет бұл қаражатты коммуналдық қызметтерге, ағымдағы жөндеу жұмыстарына, қызметкерлердің жалақысына және ғимарат инфрақұрылымын сақтауға жұмсайды. Яғни, студенттер төлейтін ақы нақты шығынды толық өтей алмайды. Сол себепті жеке инвесторларды тарту арқылы жатақхана құрылысын дамыту – ең тиімді әрі тұрақты шешім. Бүгінде Еуразия ұлттық университеті тек сапалы білім берумен емес, студенттерге қолайлы өмір сүру ортасын қалыптас-тырумен де көшбасшы оқу орнына айналып отыр. Мұның барлығы – жастардың болашағына жасалған нақты инвестиция. Себебі жайлы орта – сапалы білім мен жарқын болашақтың кепілі.

Айна ХАСАН

ДАУА

30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Қатерлі ісік – әлемдегі ең ауыр және кең таралған аурулардың бірі. Бүгінде медицинадағы түрлі жетістікке қарамастан миллиондаған адамға әмбебап ем әлі табылған жоқ. Көптеген науқас жылдар бойы емделуге мәжбүр болғанымен, жақсы нәтижесін бере қоймайтыны тағы бар. Тіпті, кейбір сәтті терапиядан кейін де аурудың қайта оралуы ғажап емес.




ҚАТЕРЛІ ІСІКТІҢ ҚАУПІ

А Әсет ҚАЛИ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметтері бойынша, әлемдегі барлық өлім-жітімнің шамамен 15 пайызы қатерлі ісікке байланысты екен. Қатерлі ісікті медицинада ауру емес, дене жасушалары әдеттен тыс тез көбейе бастайтын, ісіктерді қалыптастыратын жағдайлардың тұтас тобы деп қарастырады. Бұл ісіктер әртүрлі органда пайда болуы мүмкін және қан айналымы арқылы бүкіл денеге таралуы мүмкін.

ДДҰ көптеген елде онкологиялық ауруларды емдеу және паллиативтік көмек бағдарламалары әлі де жеткіліксіз қаржыландырылатынын атап өтті. 2022 жылы әлемде қатерлі ісіктің 20 миллион жаңа жағдайы тіркеліп, қатерлі ісіктен қайтыс болғандар саны 9,7 миллион адамды құрады. Бұл ретте шамамен 53,5 миллион адам диагноз қойылғаннан



шығаруға болмайды. Яғни, ата-анасында немесе жақын туыстарында қатерлі ісік болған адамдарда қауіп деңгейі жоғары болады. Осы себептің барлығы қосылып, жастар арасында рак ауруының көбейіп бара жатқанына әкеліп отыр, — деді медицина ғылымдарының докторы, онколог Диляра Қайдарова.

БҮКІЛ ӘЛЕМ ІНДЕТТЕН КӨЗ АШПАЙ ОТЫР

Қатерлі ісік ауруымен ауыратын елдердің рейтингін болжамды түрде халқы ең көп елдер Қытай, АҚШ және Үндістан басқарып тұр. Олардан кейін Жапония мен Ресей тұрақты. Ең аз жағдайлар Сан-Томе мен Принсипиде, Вануатуда және Самоада деп көрсетілген. ТМД елдерінің ішінде Ресеймен бірге Украина мен Беларусь анти-лидерлер қатарында болды. Рейтингіте Қазақстаннан төменірек Өзбекстан, Әзербайжан, Молдова, Армения, Қырғызстан, Түрікменстан және Тәжікстан орналасқан. 100 мың адамға шаққандағы аурушандық бойынша қайғылы көшбасшылық Аустралия, Жаңа Зеландия, Дания, АҚШ және Норвегияда тіркеліп тұр. Рейтингіті Сьерра-Леоне, Гамбия және Конго Республикасы аяқтады. ТМД елдері арасында Беларусь, Ресей, Молдова, Армения және Украина Қазақстаннан жоғары болса,

асқазан қатерлі ісігінің көпшілігі 55 жаста асқан адамдарда диагноз қойылады. Диагноздың орташа жасы 70 жасты құрайды. Сонымен қатар ер адамдар әйелдерге қарағанда асқазан обырына екі есе жиі шалдығады.

— Темекі шегетіндердің асқазан қатерлі ісігіне шалдығу қаупі темекі тартпайтындарға қарағанда екі есе жоғары. Оның себебі темекі шегу кезінде сіз үнемі аздап темекі түтінін жұтасыз, ол асқазанға түседі. Темекінің құрамындағы зиянды заттар шырышты қабықша жасушаларын зақымдап, мутация тудырады. Шылым шегу неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым дәрігер соғұрлым жоғары болады, — дейді онколог.

Қатерлі ісіктің даму қаупі жасына қарай айтарлықтай артады, сондықтан онкологиялық аурулардың көпшілігі және одан қайтыс болғандар егде жастағы адамдарда көптеп кездеседі. Дене жасушасындағы ДНҚ көбірек зақымданса, қалпына келтіру қабілеті төмендейді. Осылайша, бізді қорғағысы келетін иммундық жүйе қауқарсыз болып қалады.

ЕЛІМІЗДЕГІ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

Қазақстанды дүниежүзіндегі сандармен салыстыратын болсақ, онкологиялық ауруға шалдыққандар саны бойынша еліміз 185 елдің ішінде 61-орынға шықты. Елімізде қатерлі ісікке шалдыққандар саны артып келеді. Денсаулық сақтау министрлігінің айтуынша, бір жыл ішінде елімізде онкологиялық дертке шалдыққандар саны 6 пайызға дейін өскен. Жалпы, республикада жыл сайын мұндай дерттің 40 мың жаңа жағдайы тіркеліп, жыл сайын 12 мыңнан астам қазақстандық қатерлі ісіктен көз жұмады. 2024 жылдың соңында 230 мыңнан астам онкологиялық науқас динамикалық бақылауда болған. Бұл 2023 жылмен салыс-

ҚАТЕРЛІ ІСІК АУРУЛАРЫ БОЙЫНША ЕЛДЕРДІҢ РЕЙТИНГІ

Мемлекет	Ауыргандар саны (адам саны)	Аурушандық (100 000 халыққа шаққандағы адам)
Қытай	4824703	201,6
АҚШ	2380189	367
Үндістан	1413316	98,5
Жапония	1005157	267,1
Ресей	635560	248,1
Бразилия	627193	214,4
Германия	605805	274,2
Франция	483568	339
Ұлыбритания	454954	307,8
Италия	436 242	284,5
Қазақстан	36225	162,3
Өзбекстан	35900	112,7
Әзербайжан	18503	152,3
Молдова	14816	232,2

Елдер КАБА (инфографика)

кейін бес жылдан астам өмір сүрді. Статистикаға сүйенсек, әрбір бесінші адам өмір бойы қатерлі ісікке шалдығады, әрбір тоғызыншы ер адам мен әрбір он екінші әйел осы аурудан қайтыс болады. Осыған ұқсас мәліметтерді Дүниежүзілік онкологиялық зерттеулер қоры келтіреді. 2022 жылы 20 миллионға жуық жаңа жағдай анықталды: 10,3 миллион ерлер және 9,7 миллион әйелдер. Бұл ретте аурушандықтың стандартталған көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 196,9-ды құрады: ерлер арасында — 212,6, әйелдер арасында — 186,3.

Сарапшылардың айтуынша, қатерлі ісік ауыртпалығы барлық елде дерлік артып келеді. Сондықтан оның алдын алу денсаулық сақтаудың басты міндетіне айналып отыр. Зерттеулер көрсеткендей, қатерлі ісік ауруларының шамамен 40% диетаға, физикалық белсенділікке және өмір салтына байланысты қауіп факторларын бақылау арқылы алдын алуға болады.

— Иә, өкінішке қарай, қазір бүкіл әлемде қатерлі ісік жасарып барады деген алаңдатарлық мәселе бар. Бұрын онкологиялық аурулар көбіне егде жастағы

адамдарда кездесетін болса, қазір 40-қа жетпеген жастардан да жиі анықталуда. Бұл құбылыс бір жағынан медицинаның дамып, диагностиканың жақсарғанын, яғни ауруды ерте кезеңінде табу мүмкіндігінің артқанын көрсетеді. Бірақ екінші жағынан жастардың өмір салты, экология, дұрыс тамақтанбау, қозғалыстың аздығы, созылмалы күйзеліс, гаджеттерді шамадан тыс пайдалану, темекі мен вейп секілді зиянды әдеттердің кең таралуы қатерлі ісіктің жасаруына әсер етіп отыр. Сондай-ақ тұқым қуалаушылық факторын да естен

Әзербайжан, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Тәжікстан бізден төмен көрсетілген. Гендерлік айырмашылықтарды бөлек атап өткен жөн. Ерлер арасында қатерлі ісікке шалдығудың ең жоғары деңгейі Аустралияда, Жаңа Зеландияда, АҚШ-та, Венгрияда және Данияда, әйелдер арасында Аустралияда, Жаңа Зеландияда, Данияда, АҚШ-та және Норвегияда байқалды.

Our World in Data мәліметтеріне сәйкес, онкологиялық аурулардың түрлері бойынша әлемде ең көп өлім-жітім өкпе, трахея және бронх ісігіне байланысты. Бұл ісіктерден болатын өлім көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 25,6-ны құрайды. Екінші орында тоқ ішек және тік ішек обыры (13,2), үшінші орында асқазан обыры (12,1).

Алматы онкологиялық диспансерінің хирургиялық онкологы Милан Әдиев ерлерде әйелдерге қарағанда асқазан обырына шалдығу ықтималдығы екі есе көп екенін айтты. Оның сөзінше,

тырғанда 5,9%-ға көп. Қазақстанда онкологтар санының тұрақты түрде артып келе жатқанын атап өткен жөн. 2021 жылы олардың саны 883 болса, 2022 жылы — 974, 2023 жылы — 1,1 мың болса, 2024 жылға қарай онкологтар саны 1,3 мың адамға жетті.

Онколог Диляра Қайдарованың айтуынша, қатерлі ісіктен толықтай қорғанудың нақты бір тәсілі жоқ, бірақ әр адам қарапайым алдын алу шараларын сақтаса, аурудың даму қаупін едәуір азайта алады.

— Қазіргі медицинада алдын алу үшін кейбір ауруларға қарсы вакциналар бар, мысалы, жатыр мойны ісігінің алдын алатын ВПЧ-ға қарсы екпе. Сол сияқты, гепатитке қарсы вакцина да бауыр ісігінің қаупін төмендетеді. Бұдан бөлек, әр адам өз денсаулығына мұқият болып, ағзадағы кішкентай ғана өзгерістерге де мән беріп, дәрігерге дер кезінде қаралуға тиіс. Уақытылы тексерілу — қатерлі ісікті ерте анықтап, емдеудің ең тиімді жолдарының бірі, — дейді онколог.

ДАМУ

30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Облыстың әр өңірінде мерекелік шаралар толассыз өтіп жатыр. Қонаев қаласында заң саласының майталмандары мен қоғам белсенділері жиналып, Конституцияның ел дамуына қосқан үлесін талқылады. Жиын барысында «Ата Заң — ел еркіндігінің кепілі» деген ортақ ой айтылып, тәуелсіз Қазақстанның ең үлкен жетістіктері дәл осы құқықтық негіздің арқасында мүмкін болғаны атап өтілді. Ал облыстық кітапханаларда ашылған көрмелерден еліміздің құқықтық тарихын айқындайтын сирек құжаттар мен фотосуреттерді көруге болады. Мерекелік күнде тек ресми жиындар ғана емес, халықтық қуаныш та орын алды. Ауыл-аймақтарда спорттық жарыстар ұйымдастырылып, мәдениет үйлерінде ұлттық бірлікті дәріптейтін концерттер өтеді деп жоспарлануда. Сонымен қатар халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған нақты жобалар жүзеге асырылуда. Бұл туралы облыстық Ішкі саясат басқармасы мәлімдеді. Жоспарға сәйкес, өңірде 17 жаңа нысан ашылады. Оның ішінде 11 заманауи мектеп, медициналық пункт, мәдениет үйі, халыққа қызмет көрсету орталығы, екі өндірістік кәсіпорын және электр желілерін жаңғырту жобасы бар.

Жалпы сыйымдылығы 300-ден 600 орынға дейінгі мектептердің іске қосылуы өңірдегі оқушы орындарының тапшылығын айтарлықтай азайтады. Ал ауылдық елді мекенде салынған медициналық пункт тұрғындарға алғашқы медициналық көмекті қолжетімді

экологиялық сенбіліктер және жастардың әлеуметтік желілердегі челленждері ұйымдастырылуда. Әсіресе, ағартушылық, мәдени және экологиялық бастамаларға, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан

ЗАҢ ҮСТЕМДІК ҚҰРҒАН

өңір

Алматы облысында биылғы тамыз айы өзгеше рухани серпінмен аяқталуда. Себебі дәл осы жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толып отыр. Үш онжылдықта елдің даму жолындағы басты бағдаршам болған Ата Заң мерейтойын аймақ тұрғындары ерекше ықыласпен атап өтуде.



етеді. Жаңа мәдениет үйі халықтың шығармашылық бастамалары мен қоғамдық өміріне серпін бермек. Сонымен қатар автокомпоненттер шығаратын өндірістік кешен мен логистикалық қойманың ашылуы жаңа жұмыс орындарын құруға жол ашады.

«Конституция — тұрақтылық пен дамудың негізгі тірегі. Бұл мерейтойды біз тек мерекелік іс-шаралармен ғана емес, нақты істермен қарсы алып отырмыз. Жаңа мектептер, медициналық және мәдени нысандардың ашылуы — өңірдің болашағына қосылған зор үлес», — деп атап өтті Алматы облысының Ішкі саясат басқармасы.

Мерейтой аясында инфрақұрылымдық жобалардан бөлек, өңірде түрлі дөңгелек үстелдер, көрмелер, патриоттық акциялар,

осал топтарды қолдауға айрықша көңіл бөлініп отыр.

Конституцияның 30 жылдығына орай қолға алынған бұл шаралар — елдің негізгі заңын құрметтеу мен қастерлеудің айқын белгісі ғана емес, сонымен қатар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосылған маңызды қадам.

ҚОНАЕВТАҒЫ ҚУАНЫШ

Жақында Конституциясының 30 жылдығына орай Қонаев қаласында жаңа пәтерлердің кілтін табыстау рәсімі өтті. Салтанатты іс-шара барысында көпбалалы отбасыларға, ата-анасынан айырылған балаларға және әлеуметтік жағынан осал топ өкілдеріне арналған 42 пәтер тапсырылды. Пәтер кілттерін қала әкімі Асхат Бердіханов табыс етті.



«Алдағы жылдары Қонаевта жалпы аумағы 161 мың шаршы метрді құрайтын 72 тұрғын үй бой көтермек. Құрылыс қарқынының жоғары болуының арқасында тұрғын үй кезегі жылдам жылжуда. Облыс орталығы мәртебесін алғаннан бері 193 отбасы баспаналы болды, оның ішінде тек биыл — 108», — деді шаһар басшысы.

Әкімнің мәлімдеуінше, «Қарлығаш» шағынауданында көпбалалы отбасыларға, жетім балаларға және әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы азаматтарға 18 үй берілсе, тағы 24 пәтер кезектегілерге үлестірілді. Осылайша, тек Конституция күні 42 отбасы қоныстойын тойлады. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 200-ден асады деп күтілуде.

Жаңа пәтер иелерінің арасында екі мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған қала тұрғыны Динара Таурбаева да бар.

«Қуанышымызда шек жоқ. Еліміз берік болып, Конституциямыз бірлік пен үміттің нышаны бола берсін», — деп өз ризашылығын білдірді Динара Таурбаева.

Айта кетейік, жаңа үйлер кейіннен сатып алу құқығымен беріледі. Алғашқы жарнаны төлегеннен кейін тұрғындар жылжымайтын мүлікті өз атына рәсімдей алады. Бүгінде Қонаевта 3,8 мыңнан астам азамат тұрғын үй кезегінде тұр. Пәтер алуға өтініш беру үшін «Отбасы банкінің» филиалына жүгіну қажет.

АТА ЗАҢ — АЗАМАТТЫҢ ТІРЕГІ

Алматы облысы Діни бірлестіктер көшбасшылары клубының мүшелері Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай Бутаков шатқалына

арнайы серуен ұйымдастырды. Шараға ислам, католиктік және елуіншілер конфессияларының өкілдері қатысып, мемлекетіміздің ең басты құндылықтарының бірі — бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді дәріптеді. Табиғат аясында ашық пікір алмасу, достық әңгімелер өрбіді. Қатысушылар мерекелік дастархан басында бірліктің, өзара құрметтің, ортақ құндылықтардың маңызын тағы да айшықтады.



Конституция — тұрақтылық пен дамудың негізгі тірегі. Бұл мерейтойды біз тек мерекелік іс-шаралармен ғана емес, нақты істермен қарсы алып отырмыз. Жаңа мектептер, медициналық және мәдени нысандардың ашылуы — өңірдің болашағына қосылған зор үлес.

Бұл басқосу діни бірлестіктер арасындағы ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, қоғамдағы рухани келісім мен бірліктің Қазақстан үшін қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетті. Конституция күні — баршамызды ортақ мақсатқа, ел игілігі үшін жұмылуға шақыратын ерекше мереке.

Ұлттық заң академиясының академигі, профессор Ермек Бөрібаевтың айтуынша, қазір барлық өңірде Конституциямыздың 30 жылдығы аясында конференциялар мен дөңгелек үстелдер, іс-шаралар өткізіліп жатыр. Ата Заң — барлығымыздың тірегіміз. Адамдардың құқтары мен бостандықтарын белгілейтін маңызды заң. Қазақстан егемендігін алғалы Конституциямыз екі рет қабылданды. 1993 жылы қабыл-

данған заңды «өтпелі Конституция» деп айтамыз. Ал 1995 жылы қабылданған Ата Заңымыздың биыл 30 жылдығын атап өтудеміз. Биыл бірнеше мерейтой тұспа-тұс келіп отыр. Қазақстан Халқы Ассамблеясы да 30 жылдығын атап өтті. Келесі жылы егемендік алғанымызға 35 жыл болады екен. Ал Қазақ КСР заманынан есептесек, қазіргі қолданыстағы заңымыз — бесінші Конституция. Қазақстанның әр азаматының, әр ұйымның басты заңы — Конституция. Бұл декларативті құжат болмауы керек. Ата заң азаматтарды қорғайтын нақты заң болып қалуы қажет.

«1993 жылғы Конституцияда мемлекетіміздің басқару жүйесі парламенттік болып көрсетілді. Жоғары кеңесте бұл заңға қол қойылып, қабылданды. Кейін нарықтық экономикаға көшкеннен кейін 1995 жылы Жоғары Кеңес тарап кетті. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жаңа Конституция дайындалды. Осы уақытқа дейін Ата Заңымызға 6 рет өзгеріс еніп, 1 150-ге жуық толықтыру жасалды. Соңғы өзгеріс 2022 жылдың қаңтар айынан кейін жасалды. «Президенттік басқару, бірақ мықты парламентпен» деген қағида сақталды. Ең маңызды өзгеріс — Конституциялық Соттың қайта жандануы болды. Бұрын Конституциялық кеңес бол-

ды, бірақ ол жерге ешкім жүгіне алмайтын. 2022 жылдан бері Конституциялық сотқа мыңнан астам адам өз өтініштерін түсіруде. Бұл — болашақта демократиялық, құқықтық мемлекет болу жолындағы ірі бастама», — деп атап өтті Ермек Бөрібаев.

Конституция — құр қағаз емес, ол — халықтың тағдырын тоғыстырған рухани келісім. Алматы облысында өтіп жатқан іс-шаралардың барлығы осыны айшықтап тұр. Өйткені Ата Заңның ең басты миссиясы — елдің татулығы мен азаматтың еркіндігін қорғау. Биылғы 30 жылдық мерейтой Алматы облысы жұртшылығы үшін тарихқа тағзым ғана емес, болашаққа деген үлкен сенімнің де мерекесі болып отыр.

K.ECİM



30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



Ата Заң – елдің тұрақтылығы мен тұтастығының кепілі, әділет пен демократияның басты тірегі. Сондықтан да оны қастерлеу – әрбір азаматтың парызы, оны насихаттау – мемлекеттің абыройлы міндеті десек, еш қателеспеген болар едік. Мемлекетіміздің құқықтық жүйесі дамыған сайын заңға деген құрмет те күшейе түсуі тиіс. Себебі заң үстемдігі салтанат құрған елде ғана азаматтардың құқықтары қорғалып, әділет орнайды. Осы ұстаным Ақмола облысында өтіп жатқан мазмұнды шаралар арқылы нақты іске асырылып жатқанын айта кеткен ләзім...

ТҰРАҚТЫЛЫҚ пен

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

**ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК
ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ
САУАТТЫЛЫҚ**

Көкшетау қаласында құйымдастырылған қаржылық қауіпсіздікке арналған семинар – соның тағы бір айғағы. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында» өткен басқосуға негізінен зейнет жасындағы адамдар қатысты. Өйткені дәл осы топ – қаржы пирамидаларына, интернет-алаяқтарға, телефон арқылы жасалатын арбауларға жиі алданып калатын әлеуметтік топ екені ашы да болса шындық. Құқық қорғау органдары, Экономикалық тергеу департаменті мен қаржы нарығын реттеу агенттігінің өкілдері қатысқан семинарда егде жастағы азаматтарға алаяқтықтың түрлерін, оның белгілерін танып-білудің жолдарын тәртіп сақшылары қарапайым тілде түсіндірді.

Полицияның мәліметінше, бұл тек бірреттік шара емес, қоғамды құқықтық тұрғыдан сауаттандыруға бағытталған жүйелі жұмыстың көрінісі. Егде жастағы адамдарға қарапайым

ТӘРТІПТІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Құқықтық-ағартушылықпен қатар спорттық шаралардың да мәні зор. Биыл екінші рет өткізілген «Көкшетау жалындары» түнгі жартылай марафоны – соның айғағы. Мыңнан астам әуесқой спортшы қатысқан марафонда салауатты өмір салты насихатталды. Бұл шара да жастарды жаман әдеттен аулақ болып, денсаулықты сақтауға үндеді.

мысалдармен түсіндірілген кеңестер олардың жинақтарын сақтап қалуға, күмәнді ұсыныстарға алданбауға көмектесері сөзсіз.



тұрғындары да шараға қатысып, құқықтық сауалдарына жауап ала алғанын атап өткен жөн.

Мұны Полиция департаментінің өкілдері де растап отыр. Өткізілген іс-шаралар мен бастамалардың түпкі мақсаты да сол халықтың құқық қорғау органдарына сенімін арттыру, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып отыр. Сондықтан халықтың барынша еркін форматта тәртіп сақшыларына өз сауалдарын қоюына мүмкіндік берілді, – дейді Ақмола облысы Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Ержан Қошқарбаев.



танытып, полиция қызметкерлеріне көптеген сұрақ қойды. Бұл шара әскерилердің де құқықтық мәдениетін арттыруға ерекше үлес қосып отыр.

**АЗАМАТТЫҚКА
ҚАДАМ – ЖЕКЕ КУӘЛІК**

Конституция күні қарсаңында сонымен бірге Ақмола облысында жасөспірімдерге алғашқы жеке куәліктерін табыстау салтанаты да өтті. «Ата Заң – АЗАМАТ» челленджі аясында 16 жасар үш жас азамат алғаш рет жеке төлқұжатын қолына алды.

Бұл рәсім – жай ғана құжат табыстау емес, ересек өмірге жасалған алғашқы қадам, азаматтық жауапкершілікке бастау екені анық. Әрбір жаңа буынға заңға құрметпен қарауды осындай сәттерден бастап үйрету аса маңызды екенін тәртіп сақшылары да кенінен түсіндіріп өтті.

Құқықтық-ағартушылықпен қатар спорттық шаралардың да мәні зор. Биыл екінші рет өткізілген «Көкшетау жалындары» түнгі жартылай марафоны – соның айғағы. Мыңнан астам әуесқой спортшы қатысқан марафонда салауатты өмір салты насихатталды. Бұл шара да жастарды жаман әдеттен аулақ болып, денсаулықты сақтауға үндеді.



**«ЖОЛДАҒЫ
ҚАБЫЛДАУ» – ХАЛЫҚҚА
ЖАҚЫН ҚАДАМ**

Шучинск қаласында өткен «Заңға қызмет етеміз – Конституцияны түсіндіреміз» атты акция да құқық қорғау органдарының ашықтығын дәлелдеді. «Жолдағы қабылдау» шарасында халық полицейлермен емін-еркін сөйлесіп, сұрақтарын қойып, өзекті мәселелерін жеткізуге мүмкіндік алды.

Бұл жерде маңыздысы – сол билік пен қоғам арасындағы диалог. Азаматтар өздеріне қажет құқықтық кеңестерді тікелей ала отырып, заңның қарапайым адамның күнделікті өміріне қалай әсер ететінін тереңірек ұғына түсті. Бұл шараның бұрынғыларына қарағанда ерекшелігі – осы жолы онлайн байланыс арқылы шалғай ауыл

**ЖАСТАРМЕН АШЫҚ
ДИАЛОГ**

Құқықтық мәдениет тек қарттарға емес, жастарға да қажет екені анық. Өйткені ертеңгі елдің иесі – бүгінгі жас буын. Көкшетаудағы «Жастар Рухы» коворкинг орталығында өткен «Заң. Тәртіп. Жауапкершілік» атты семинар осыны айқын аңғартты.

P.S.

Заңға құрмет – қоғамға сенім. Ақмола облысында өткен мазмұнды іс-шаралар соның айқын дәлелі. Қоғамды құқықтық тұрғыдан ағарту, азаматтарды алаяқтықтан қорғау, жастарды тәрбиелеу, спорт арқылы ынталандыру – барлығы да бір мақсатқа қызмет етеді. Ол – әділетті, қауіпсіз әрі заңға бағынатын қоғам құру. Ата Заңымыз – тәуелсіздігіміздің тірегі.

Оған деген құрмет елдің болашағына деген құрмет болмақ.

Сондықтан Конституцияны дәріптеу, заңның үстемдігін қамтамасыз ету мемлекет тұрақтылығының басты кепілі екенін ұмытпасақ дейміз...

ПАРАСАТ

30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Есен Ықыласұлы — Қазақстандағы математика және информатика саласының көрнекті ғалымы, ұстаз, педагогика ғылымдарының докторы (1998). Ол 1945 жылы 2 қазанда Жамбыл облысы Талас ауданында дүниеге келді. Есен Бидайбеков еңбек жолын есептеуіш математика маманы ретінде бастап, 1975 жылы физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғады. 1984 жылдан бері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қызмет атқарып келеді. 1985 жылдан бастап осы университетте жаңадан құрылған информатика және қолданбалы математика кафедрасын басқара отырып, өзінің бүкіл өмірін информатика ғылымын дамытуға және білім беру жүйесін ақпараттандыруға арнады.

Ғалымның алғашқы зерттеулері математикалық физиканың кері есептеріне арналғанымен, 1980-жылдардың ортасынан ол білім берудегі информатиканың теориясы мен әдістемесіне бет бұрды. Есен Бидайбеков сол жылдардан бастап жоғары оқу орындарында жанашыл оқу бағдарламаларын ашып, информатика саласы бойынша мамандарды даярлау ісін жолға қоюмен айналысты. Мәселен, ол Абай атындағы ҚазҰПУ физика-математика факультетінде «Информатика және менеджерлік», «Информатика және ағылшын тілі», «Информатика және экономика», «Информатика және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты жаңа екі бейінді мамандықтардың ашылуына ұйытқы болды. Сонымен бірге ұстаздық және ғылыми ұйымдастырушылық қабілеті арқылы университетте «Білімді ақпараттандыру және білім технологиялары мәселелерінің халықаралық ғылыми лабораториясы», «Педагогикалық STEM-парк» сынды орталықтарды құруға мұрындық болып, оқу үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізуді тұрақты түрде жолға қойды.

Есен Ықыласұлының көпқырлы еңбегінің нәтижесінде елімізде информатика бойынша мықты ғылыми-педагогикалық мектеп қалыптасты. Оның ғылыми жетекшілігімен 700-ге жуық ғылыми еңбек, соның ішінде 60-тан аса монография, оқулық пен оқу-әдістемелік құрал жарық көрді. Ғалым тәрбиелеген 12 доктор, 35-тен астам кандидат пен PhD докторлар бүгінде Қазақстанның білім-ғылым саласында, жоғары оқу орындарынан бастап ректор, тіпті білім министрі дейінгі лауазымдарда қызмет атқарып жүр. Сондықтан профессор Е.Бидайбековті заманауи қазақ информатика білімінің негізін қалаушы, ұлттық білім беру жүйесін ақпараттандырудың көшбасшысы деп атауға толық негіз бар. Ол — Қазақстанда халыққа білім беру жүйесін компьютерлендіруді бастаушылардың бірі ретінде кеңінен танылған тұлға.

1985 жылы КСРО-да мектеп бағдарламасына жаңа пән — информатиканы енгізу мәселесі көтеріле бастағаны белгілі. Міне, дәл осы тарихи кезеңде Қазақстанда бұл игі бастаманы алғаш болып қолға алған ғалым Есен Бидайбеков еді. Сол кездегі одақтас республикалардың тәжірибесінде болмаған істі жүзеге асыру үшін Е.Бидайбеков үлкен ұйымдастырушылық жұмыс жүргізді. Мәс-

кеулік әріптестерімен тығыз байланыста болып, А.Ершов пен В.Монаховтың жалпы одақ бойынша даярлаған «Информатика және есептеуіш техника негіздері» атты төл курсының материалдарын қазақ тіліне аударуды өз әріптестерімен қолға алды.

Ол және олар жаңа пәнді қазақ мектептеріне енгізу ісінде аудармашы ғана болып қойған жоқ, ең маңыздысы — сол пәннің қазақ тіліндегі IT терминологиясын қалыптастырып, ғылыми айналымға енгізді. Ол «информатика» ұғымдарын қазақша сөйлету арқылы жаратылыстану ғылымдарына ана тілінде жол ашты деуге болады. 1985-1987 жылдары Бидайбековтің тікелей қатысуымен дайындалған информатиканың алғашқы оқу бағдарламасы мен әдістемелік нұс-

ҰЛТТЫҚ ИНФОРМАТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҰЙЫТҚЫ БОЛҒАН ТҰЛҒА

Жаңа дәуірдің ең басты құралы ақпараттық жүйелер десек, сол құралдың қазақ тілінде сөйлеуіне себепкер болған ғалым, отандық білім мен ғылымның тірі тарихы Есен Бидайбеков бүгінде сексеннің сеңгіріне шығып отыр. Ол саналы ғұмырын халқымыздың интеллектуалды әлеуетін көтеруге арнап, информатика арқылы жаңа дәуірге жол ашты. Ғалымның өмірінен шығатын басты ғылыми тұжырым — ұлттық білім жүйесін дамыту үшін заманауи технологиялар мен байырғы ғылыми мұраны ұштастыру стратегиялық маңызға ие.

қаулары Оқу министрлігінің келісімімен мектептерде оқытыла бастады. Сол тұстағы әріптестерінің естеліктері бойынша, жаңа пәннің маңыздылығына көз жеткізу үшін ғалым талай басшының есігін қағып, табалдырығын тоздырған екен. Нәтижесінде, республика мектептерінде 1985-1986 оқу жылынан бастап «Информатика және есептеуіш техника негіздері» пәні ресми оқытылып, қазақ жастары компьютерлік сауат негіздерін өз тілінде меңгеруге мүмкіндік алды. Бұл — Есен Ықыласұлының ұлт білімінің тарихына жазылған зор еңбегі. Ресейлік белгілі ғалым С. Кабанихин сол жылдар туралы айтқан естелігінде: «Қазақстан ғалымы Есен Бидайбеков мектептерге информатика пәнін енгізу мәселесімен түбегейлі айналысып, игі бастаманың басында тұрды және өзін туған елін шын сүйетін нағыз патриот ретінде таныта білді» деп жоғары бағалайды.

Жаңа пән енгізілген соң қысқа мерзім ішінде қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу қажет болды. Бұл міндетті де негізінен Е.Бидайбеков өз мойнына алғанын архив деректері растайды. Ол орыс тіліндегі дайын кітаптарды аударып қана қоймай, информатика бойынша төл оқу



құралдарын жазуға кірісті. Есен Бидайбеков — қазақ тілінде информатикадан алғаш кітап жазған авторлардың бірі. Оның «ЭЕМ қалай жұмыс істейді?», «MSX-BASIC-пен алғашқы танысу» (3 бөлімнен), «Информатика бастамалары (Алгоритмдеу)», «Логикалық бағдарламалау тәрізді еңбектері 1980-жылдардың соңында — 1990-жылдардың басында жарық көріп, қазақ мектептеріндегі информатика әдебиетінің негізін қалады. Бұл оқу құралдарында ғалым компьютердің құрылымы мен жұмыс істеу принциптерін, алгоритмдеу негіздерін, программалау тілдерін ана тілінде қарапайым тілмен түсіндіріп берді. Аталған еңбектің барлығы өз кезінде үлкен сұранысқа ие болғанын атап өткен жөн.

Бұған қоса, Бидайбековтің жетекшілігімен педагогикалық ЖОО студенттері мен мектеп мұғалімдеріне арналған «Педагогикалық информатика» атты көптомдық әдістемелік құралдар сериясы қазақ және орыс тілдерінде шығарылды. Соңғы жылдары ғалым магистранттар мен докторанттарға арналған «Аралас/blended оқыту технологиялары», «Қашықтан оқыту жағдайындағы педагогикалық коммуникациялар» сияқты өзекті еңбектерді де жариялады.

Цифрлық дидактика — профессор Е. Бидайбеков еңбектерінің жаңа дәуірдегі бір өзекті бағыты. Ол білім беру үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) енгізудің ғылыми-педагогикалық негіздерін зерттеп, электрондық оқу ресурстарын жасаумен шұғылданды. Бүгінде профессор Бидайбековтің бастамасымен Абай атындағы ҚазҰПУ-да университетті толық цифрландыру тұжырымдамасы жүзеге асырылып, оқу үдерісін басқарудың автоматтандырылған кешендері жұмыс істейді. Университетте оның жетекшілігімен әртүрлі

мамандық студенттеріне арналған «Білімді ақпараттандыру» атты арнайы курстар енгізіліп, цифрлық құзыреттерді қалыптастыру жолға қойылған.

Жасанды интеллект технологияларының білім беру жүйесіне әсері де ғалым назарынан тыс қалған емес. Цифрландыру дәуірінде Е. Бидайбеков ұстаздарды заман талабына сай жаңа технологияларды, оның ішінде жасанды интеллектті меңгеруге шақырады. Цифрлық шығармашыл ортада AI мүмкіндіктерін қолдану оқыту үрдісін жаңа деңгейге көтеретінін айта отырып, «Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект шығармашылық үдерісті жаңа белеске шығарады» деп тұжырымдайды ғалым және әріптестері. Бұл пікір оның білім саласын технологиялық жанашылдықпен үнемі байытып отыруды көздейтінін аңғартады.

Есен Бидайбеков — заманауи білім мен ұлттың ғылыми мұраларын ұштастыру идеясын практикалық тұрғыда жүзеге асырып жүрген жанашыл зерттеуші. 2015 жылы ғалым 70 жасқа толған шақта оның жетекшілігімен ауқымды жоба бастау алды. Бұл — «Әл-Фарабидің математикалық мұралары заманауи білім беру жағдайында» атты ғылыми жоба болатын. Жобаның мақсаты — ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фарабидің ортағасырлық математикалық еңбектерін терең зерттеп, олардың мазмұнын қазіргі мектеп математика курсына енгізудің әдістемесін жасау. Алайда қазақ топырағынан шыққан осы ұлы ғалымның математика бойынша еңбектері қазіргі оқу бағдарламаларында толық пайдаланылмай келді. Есен Бидайбеков осы олқылықтың орнын толтыруды көздеп, Фараби мұрасын білімге жанаша енгізуге кірісті.

Есен Бидайбеков — тек жекедара ізденуші ғалым ғана емес,

айналасына ғылыми орта қалыптастырып, көптеген шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. Бүгінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасының 40 жыл менгерушісі болып қызмет еткен ол жастарды ғылыми зерттеуге баулып, информатика мұғалімдерін даярлаудың көпдеңгейлі жүйесін үйлестіруде. Профессордың жетекшілігімен кафедрада жоғары білікті шығармашыл ұжым қалыптасқан, оның мүшелерінің басым көпшілігі — ғалымның бұрынғы аспирант-шәкірттері. Е. Бидайбеков шетелдердің озық ғылыми орталықтарымен тығыз байланыс орнатып, Мәскеу, Новосібір, Омбы, Красноярск сынды қалалардың университеттерімен бірлескен жобалар жүргізді, халықаралық конференцияларға тұрақты қатысады. Өзінің 80 жасқа толған мерейтойы қарсаңында да ғалым университет қабырғасында шетелдік және отандық белгілі ғалымдармен бірлесіп ғылыми семинарлар өткізуде, білім беру стандарттары мен тұжырымдамаларын жетілдіруге атсалысуда. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен тың жаңалықтарға ашықтығын әріптестері жоғары бағалайды.

Шын мәнінде, Е. Бидайбеков қалыптастырған ғылыми мектебі бүгінде 100-ге жуық ғалым-педагогты біріктіріп, олар ұстазының жолын жалғап, биік белестерді бағындыруда.

Профессор Есен Бидайбековтің ғұмыры мен қызмет жолына көз жүгіртсек, оның ғылыми ізденістері заманауи білім беру концепциясының қалыптасуына негіз қалағанын байқаймыз. Ғалымның бастамасымен Қазақстанда информатика пәні мектептен бастап оқытыла бастады, ақпараттық технологиялар саласының төл терминологиясы жасалды, информатиканы оқыту әдістемесі дербес ғылым ретінде дамыды. Ол елдегі білім беру жүйесін цифрландырудың теориясын да, практикасын да қатар алып жүріп, электрондық оқыту ресурстарын, мультимедиялық бағдарламаларды, цифрлық білім ортасын құруға өзі жетекшілік етті. Сонымен бірге ұлттық рухани мұраларымызды да назардан тыс қалдырмай, әл-Фараби сынды бабалардың ғылыми еңбектерін жаңа дәуір білімімен сабақтастырудың тың үлгісін көрсетті. Есен Бидайбековтің феномені — оның жанашылдығы мен дәстүрге деген құрметін ұштастыра отырып, ұрпақ тәрбиесіне қызмет етуінде. Ғалым сексен жасқа келген шағында да инновациялық жобаларға қатысып, цифрлық дәуірдің жаңа талаптарына сай білім беру саласын дамытуға күш салуда. Оның ғылыми идеялары Қазақстанда ғана емес, шетелде де кеңінен танылып, ғылыми нәтижелері АҚШ, Жапония, Еуропа елдерінде мойындалды.

Профессор Бидайбеков ақпарат дәуіріндегі білім беру концепциясын нақты істермен байытып, өскелең ұрпаққа үлгі боларлық жемісті еңбек жолын көрсетті. Оның ел біліміне сіңірген ерен еңбегі мен ғылыми мұрасы ұлт келешегіне қызмет ете бермек деп нық сеніммен айта аламыз.

Қали ӘБДИЕВ,
профессор

ӨЗЕКТІ

30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Оқулық — ұлттың бағдары, руханияттың асыл өзегі. Оқулық ұлтқа қызмет етеді, сауаттылықты жүзеге асырып, саналылыққа кең жол ашып, ұрпаққа ұлағат дәнін егеді. Оқу-ағарту бағытында — білім стандарты, оқу бағдарламасы басты көрсеткіштер қатарына жатады. Осының негізінде тақырыптық бағыттағы әдістемеліктер, оқу құралы мен оқулықтар жазылады. Білім мазмұны мен сапасы, автор ұстанымы мен жауапкершілік жүгі де терең танылады. Осы орайда еске алсақ, бастапқы тұста — Бағдарламаны Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясы дайындайды. «Оқулық» орталығы оны таратып, мектептерге талқылауға жібереді. Арнаулы министрліктен бекітіледі. Бұған дейін, әрине Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының бағалау өлшемдері назарға алынып, тақырыптық туынды әр алуан арна, басым бағыттар бойынша жігі жүйеленіп, зерттеп-зерделеу, талдап-тексеру, салыстыру сынды бірқатар бақылаулар мен сүзгіден өтеді. Атауы мен бағыты, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай әр алуан баспа-лардан жарық көреді. Ақиқатында, оқулық көп... Олар — негізінен мектепке дейінгі мекеме, мектеп жүйесі мен жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары мен оқулықтар.

ОҚУ ҚҰРАЛЫ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ

Ұлт құрамының жас өскіндері — балабақшадағы бүлдіршін-жеткіншектерге көп көңіл бөліп, арнаулы әдебиет, оқу-үйрету құралдарымен камтамасыз ету — болашаққа қалтқысыз қызметтің құрамдас бөлігі. Алайда балабақшадағы балалар табиғи өсіп-жетілгенімен, танымдық-тілдік тұрғыдан жан-жақты дамымағанын, талап деңгейінен тым төмен екенін жасыру қиын. Отбасында немесе даладағы жүріс-тұрысынан, әрекет-қимылынан, сөзі мен ісіндегі үйлесімсіздіктен, смартфонға тәуелділіктен, өзге тілде «жүйрік» те, ана тіліне келгенде мақау-мылқау кейпіне оп-онай енуі — ел мүддесін жоққа шығарып, ұлт болашағына көленке түсіреді. Ұлттық тәлім-тәрбиеге, отан мен отбасы құндылықтарына бұрынғыдан бетер басымдық беру қажеттілігін сәт сайын еске салады. Абай айтқан ақиқат осыған саяды: «...Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер-білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады...».

Ұлттық оқулықтың қажеттілігі, ана тілі мен тәлім-тәрбиенің алғашқы кезекте орын алатынын — өмір, уақыт шындыққа шығарып тұрғаны анық. Мектепке дейінгі мекеме (балабақша) санын арттырып, ұлттық бағытты ұстанған тәлім-тәрбие өзегін алға шығарып, көргені көп, тәжірибесі мол тәрбиешілердің үздіктерін анықтап, авторлық құқық беріп, танымдық-тілдік бағыттағы оқу-әдістемелік құралдарын, суретті кітапшалар жиынтығын (дайындап, құрастырып), көптеп шығарған жөн.

Ақиқатында, мектепке дейінгі мекемелер — бала тәрбиесінде әке-шешесіне көмек етіп, үйден



ОҚУЛЫҚ ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды — «Білім және зерттеу жылы» деп жариялауды ұсынды. Астанада өткен «Орталық Азия — Қытай» саммитінде айтылған бұл сөздің мәні — қазіргі кезеңдегі жаңа технологияның даму үрдісін, білім-ғылым ісін, оның басым бағыттарын, сапалық қыры мен оны оқып үйрету жолдарына ден қойып, кең түрде маңыз беруге саяды. Бұл ретте сөз жоқ қазіргі кезеңнің бағыт-бағдарын айқындайтын, ұлттық-руханияттық мәні мол һәм өмір танытқыштық қызметі зор - оқу құралы мен оқулықтардың алатын орны айрықша.

біліп-көргенін әр алуан бағыттарда дамытып, ақыл-ойын жетілдіріп, дүние дидарына, еңбек болмысына, өмірге құштарлығын еселеп арттырғаны жөн. Қимыл-қозғалыстарынан бастап, ұлттық дәстүр мен ана тілін жетік менгеріп, орта білімнің қазыналы ордасы — мектеп жүйесіне еркін енгені баршамыз үшін мерейлі мәртебе екені анық.

ҚҰНДЫ ОҚУЛЫҚ — ҰЛТ МЕРЕЙІ

Орта білімнің басты құралы — оқулық. Оның негізгі қызметі — жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, кемел келешекке батыл қадам жасатады. Ұлттың басым бағыттарын, яки дәстүр мен дүниетаным, білім-ғылым ісі, тарих пен таным, тәлім-тәрбие арналарын әр алуын сабақтардың түйінді тұстарымен бекітіп, асыл арналары айқындалып, нәрлі өзегін көрсетеді. Нәтижесінде, ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруға, санаға өзгеріс енгізуге әсер ықпал етеді. Адалдық, әділеттілік, бірлік, бірегейлік, достық, мейірім сынды құндылықтар жүйесіне кең жол ашылады.

Арғы арналарда, атап айтқанда әл-Фараби, К.А.Ясауи, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы т.б. білім-ғылым ісін — белесті биікке көтерді. XX ғ.б. ұлт элитасы, қайраткер-қаламгерлер (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов т.т.) елдік мәселелерге (мысалы, оқу-



ағарту, білім-ғылым, мәдени-рухани арналар мен діл-дін, тарих-таным салаларына) жігі ден қойды. Әр алуан білім-ғылым салаларына еркін барып, соның жауапты, шынайы адамы ретінде ерен еңбек етті. Қоғамға, ел-жерге қажетті маңызды мәселелермен айналысты. Оқу-ағарту ісіне, мәдени-рухани арналарға батыл барып, ұстаздық-ғалымдық қырларымен кеңінен көрінді. Оқу құралы мен оқулықтар жазды.

Ал қазір отандық оқулықтар қалай жазылып жүр? Оқулықты кімдер жазуға тиіс? Оқулық — ұлт пен ұрпаққа қызмет етіп, қымбат қазынаға айналу үшін не істеу керек? Оқулықтың басты мұраты мен мәні, қызметі не?

Біздіңше, Отандық оқулықта ұлттық мұрат, елдік мүдде алдыға шығады. Ұлт тарихының арғы-бергі кезеңдері, танымал тұлғалардың тағдыры мен тағылымы, қозғалыс-көтерілістердің шынайы шындығы, империялық-отаршылдық һәм әкімшіл-әміршіл жүйенің түп-төркіні кеңінен көрсетілуі керек. Халық тарихы мен дүниетанымына қарасақ, еліміз әуелден-ақ өткенге құрметпен қарап, келешекке үлкен үміт артқан. Ел тарихына жігі ден қойып, үміт-сенім артып, сергек қараған. Өйткені «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы - тарих» (А.Байтұрсынов) екені анық. Бұл — бір.

Екіншіден, оқулық табиғаты мен тағылымынан білім мазмұны (теориялық һәм практикалық тұрғыдан тұтастығы мен сабақтастығы нанымды көрсетіліп) терең танылып, оның өзі елдік мұрат-мүдден бастау алып, қоғамдық жағ-

дай, тарихи шындық, уақыт талаптары тұрғысынан кең көлемде қарастырылып, ақиқат жайттарға негізделіп, зерттеп-зерделенуге тиіс.

Үшіншіден, ұлт пен ұрпақтың қымбат қазынасы — оқулықты орта және жоғары мектепте ұзақ жылдар ұстаздық қызметте болған, адами сапасы жоғары, жан-жүрегі мейірім-шапағатқа толы, білім-білігі көп кәсіби маман, яғни тәжірибесі мен тағылымы мол ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым, тәлімді әдіскер жазуға толық құқығы бары шындық.

Төртіншіден, оқулық — ұлт пен ұрпаққа қызмет ететіндіктен (бірнеше буынды оқып-үйретіп, рухани тұрғыдан өсіп-есейтеді. Қоғамдағы орнын тауып, өмір жолын ұсынады т.с.с.), асығыстық пен көзжұмбайлыққа, енжарлық пен тайыздыққа, самарқаулық пен селкостыққа, жемқорлық пен сыбайластыққа, жең ұшынан жалғасқан таныс-тамыр мен көңіл жыкпастыққа, қысқасы бармақ басты көз қысты сынды ашық қоғамға, демократиялық үрдіске, адами сапаға кері әсер етер өрескел өктемдік пен жасанды белсенділікке, теріс әрекет, жат қылықтарға жол берілмеуге тиіс.

Бесіншіден, оқу құралы һәм оқулық — дәлдік пен нақтылыққа, шынайы шындыққа негізделеді. Романтизм әуенімен емес, керісінше ақиқат жайттарға, объективтілік дәлдік тұрғысынан терен таразыланады.

Алтыншыдан, ұлттық оқулықты мемлекет атауымен — «Қазақ тарихы» деп атасақ, ақиқат үстемдік алып, шындық жүзі жарқырай

түсер еді. Қалың көпшілікке керегі де осы. Қазіргі кезеңнің шындығы осыған келіп саяды.

Жетіншіден, оқулық, безендірілімі мен бейнелілік, көркемдік пен көрнекілік қырлары жағынан айшықты да нақышты, тартымды болғаны нұр.

Сегізіншіден, елдік оқулық — ұлт қазынасы, ұрпақтар жалғастығы мен сабақтастығының басты негізі. Кешеден бүгінге жеткен білім-ғылым құндылықтарының жиынтығы. Өмір, тәжірибенің көрнекті көрсеткіші. Тарих пен танымның тұтастығы. Ақыл-парасаттың айыны мен айдыны. Ендеше ұлт тарихын зерттеп-зерделеу, оқыту мен насихаттау, қысқасы әдістемесі мен методологиясы, оқыту үдерісіндегі орын-үлесі барынша айқын, бедерлі болғаны керек-ақ. Бұдан сөз жоқ дос — сүйсінеді, дұшпан — күйінеді. Қазіргі кезеңнің басты талабы, шынайы шындығы — осы.

Тоғызыншыдан, оқулық — ұлтқа қызмет етсін десек, білім-білігі мол ұлағатты ұстаз бен тәлім-тәжірибесі көп, оқытушылық қызметі зор ғибратты ғалымның жазғаны жөн. Ұлттың жаңа болмысын, ақыл-парасаттың азаттығын, санадағы өзгерісті тереңнен тартып, ақиқат алдында — ұрпақ болашағы мен жауапкершілік жүгін жан-жақты сезіну басты ұстаным етіледі.

Оныншыдан, ең негізгісі оқулық — ұлттың басты кітабына айналып, болашақ бағдары мен өмір сүру құралы болып, ұрпаққа қызмет еткені жөн.

Ұлт оқулығы — жылдар жемісі, тәлімді тәжірибенің негізі мен нәтижесі ретінде ұрпаққа қызмет етіп, ел деңгейін, ақыл-парасат өлшемін, білім-білігі мерейін, дәстүр мен сабақтастық тұтастығын терең танытады.

Ұстаздық қызметте, ғылыми-педагогикалық тәжірибеде жаңа технологияны, цифрлық платформаларды, жасанды интеллект мүмкіндіктерін, электрондық нұсқаларды жігі пайдаланумен бірге, оқу құралдары мен оқулықтарды негізгі ұстаным ету — басты борыш-парыздар қатарына жатады. Қазір кітап оқу үдерісі төмендегенімен, оқулық — ұлтқа қызмет ету функциясынан ажыраған жоқ. Арғы кезеңдерде, қазіргі уақытта да рухани құндылықтардың бастауында — оқулықтар тұр. Жарық дүниенің бастауында — сауат ашу, білім нәрімен жан әлемін байыту миссиясы тұрғандықтан, оқулықтар — ұлтқа қызмет ету бағытында басымдыққа ие.

Жинақтап айтқанда, Мектепке дейінгі мекеме, Орта білім және Жоғары білім беру сатылары оқыту жүйесіндегі — оқу құралы мен оқулықтардың бағыт-бағдары, тақырыптық ерекшелігі, мазмұндық мәні, мәдени-рухани һәм танымдық-тағылымдық қырлары, баршасына қатысты өзекті тұстары қазіргі кезеңде де айрықша болып табылады. Оқулық — ұлтқа қызмет ету миссиясын атқаратынын ескерсек, оның авторы ел мұраты мен ұрпақ алдындағы абыройлы міндетті, жауапкершілік жүгін терең сезінуге тиіс.

Ендеше оқу құралы мен оқулықтар жүйесіне жігі мән беріп, жауапкершілік жүгін арттырып, абыройлы істің даму үрдістеріне серпін беріп, сергек қараған жөн.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Шымкентте қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастырып, жастар мен ересектердің оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған «Кітап оқитын ұлт» республикалық жобасы басталды. Бұл туралы қала әкімі Ғабит Сыздықбеков мәлімдеді. Ол тұрғындарды осы игі бастаманы қолдап, белсенді қатысуға шақырды.

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың III отырысында Мем-

лекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Озық ойлы ұлт болудың

ең төте жолы — кітап оқу» деп атап өткен болатын. Осы үндеуді қолдау мақсатында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов «Кітап оқитын ұлт» атты республикалық жобаның ресми басталғанын жариялады. Жобаны қолдаған алғашқы өңірлер қатарына Қарағанды, Қостанай облыстары және Шымкент қаласы енді.

— Шымкент — тек республикалық маңызы бар мегаполис ғана емес, ол — тарихы терең, мәдениеті бай, білім саласының дәстүрі қалыптасқан шаһар. Сондықтан дәл осындай маңызы зор жобаның біздің қалада жүзеге асуы заңдылық, — деді қала әкімі Ғабит Сыздықбеков.

Жобаға мектеп оқушылары, колледж және жоғары оқу орны студенттері, ұстаздар, отбасылық әулеттер мен мемлекеттік қызметкерлер қатысады. Қатысушылар «Кітап оқитын мектеп», «Кітап

оқитын колледж», «Кітап оқитын университет», «Кітап оқитын педагог», «Кітап оқитын әулет» және «Кітап оқитын мемлекеттік қызметкер» номинациялары бойынша бақ сынаиды.

Барлық қатысушыға ортақ талап — жауапты министрліктер мен сарапшылар іріктеген 15 кітапты оқу. Мәселен, 6-10-сынып оқушылары үшін әр сыныпқа бөлек 15 кітаптан, жалпы 75 туынды ұсынылған. Бұл тізімге «100 кітап» жалпыұлттық сауалнамасында таңдалған шығармалар да енген. Жалпы алғанда, қазақ тілінде 150, орыс тілінде 150 кітап қарастырылған.

Партия байқауының жеңімпаздары қомақты қаржылай сыйлыққа ие болады. Пилоттық жоба аясында үш аймақта 100 мыңнан астам адам қамтылмақ. Ал келесі жылдан бастап жоба еліміздің барлық өңірінде жүзеге асырылады.

Жобаны «AMANAT» партиясы мен «Кітап оқитын ұлт — Читающая нация» қоғамдық қоры бірлесіп ұйымдастыруда. Бас демеушісі — ALAGEUM ELECTRIC компаниясы.

— Кітап — білім мен шабыттың сарқылмас қайнары. Ол көкжиегінді кеңейтеді, тұлғанды қалыптастырады, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Кітапқа деген сүйіспеншілік — бәрімізге ортақ жақсы дәстүрге айналсын! — деді қала әкімі.

Бұл бастама тек байқау немесе жоба ғана емес, ұлт болашағына бағытталған үлкен қадам. Кітап оқуға қызығушылықты арттыру арқылы ой-өріс кеңейіп, білімге құштар жас буын қалыптасады. Шымкенттен бастау алған «Кітап оқитын ұлт» жобасы ел көлемінде кеңінен қолдау тауып, қоғамда оқырмандық мәдениетті жаңа деңгейге көтеретіні сөзсіз.

Әсет ҚАЛИ

Сырдың суы сирақтан келіп тұр. Соңғы жылдары ел арасында Сырдария өзеніне қатысты осындай теңеуді жиі естиміз. Себебі күн санап көз алдымызда құрғап бара жатқан дарияның мүшкіл халіне халықтың көңілі алаң. Көптің көкейінде тіршілік нәрі табиғи апаттың құрсауында шырмалып, өңірдегі экологиялық ахуалды ушықтырмаса деген қорқыныш басым.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы



ДАРИЯДА ДӘРМЕН ЖОҚ, КҮРІШТІҢ ХАЛІ ҚАЛАЙ?

Биыл да дарияның жағдайы мәз емес. Күн сайын емес, тіпті сағат санап тартылып бара жатқанын дария жағасын жағалай мекендеген жұртшылық көзбен көріп, іштей күмілжіп жүр. Халықтың бір бөлігі күріш дария суын сарқып жатыр деген пікірде болса, атыз жағалаған ағайын егістік алқапқа су жетпей қалу секілді қорқынышпен күнін өткізеді.

Күріш демекші, Сыр маржанымен жан бағып жүрген жергілікті диқан қауымы биылғы науқанда да тынымсыз еңбек етіп жатыр. Егістік алқаптан мол өнім алу мақсатында сәт сайын су тапшылығын еңсерудің түрлі тәсілін қолдануға мәжбүр.

Негізінен, Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәлімдеуінше, биылғы өңірде 189,6 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде Сыр салысы Үкіметпен бекітілген Жол картасына сәйкес 80,9 мың гектарға егіліп, суға бастырылыпты. Басқарманың мәлімдеуінше, қазір егілген егістіктің 2,8 мың гектары сыпырықтану, 6,8 мың гектар

гүлдену, 17 мың гектар сүтті пісу, 43,7 мың гектар балауыз пісу және 10,6 мың гектар толық пісу фазасында тұр.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, егін науқанындағы басты мәселе — егістік алқапты сусыз қалдырмау ісі күрделі жағдай. Соған орай, су тапшылығына байланысты қалыптасқан жағдайда тұрақты мониторинг және кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін барлық ауданда арнайы жұмысшы топтар құрылғанын мәлімдеді.

«Жалпы, биыл егілген ауыл шаруашылығы дақылдарын тұрақты суаруға 3,9 млрд текше метр су лимиті белгіленген. Бекітілген кестеге сәйкес, егілген егіс барлық канал бойынша кезектілікпен суарылды. Белгіленген су көлемін тиімді пайдалану мақсатында қашыртқыдағы суды екінші мәрте пайдалану бағытында облыста 57 дана насос қондырғысы жұмыс істеп жатыр», — дейді бұл жөнінде басқарманың егіншілік және өзімдік қорғау бөлімінің басшысы Асылжан Жарылқасынов.

Жалпы, облыста биылғы егілген егісті тұрақты сумен қамтамасыз етуге 3,9 млрд текше метр су лимиті белгіленген. Бүгінде осы

көлемнен каналдар арқылы облысқа тіршілік нәрінің 3,7 млрд текше метрі алыныпты.

Дей тұрғанмен, дария деңгейінің жыл өткен сайын төмендеуі су мамандарының бас ауруына айналып тұр. Соның ішінде егістікті сусыз қалдырмау мақсатында түйткілді шешудің түрлі тетігі қарастырылып келеді. Сондай тәсілдің бірі — күріштің көлемін азайтып, оның орнына көкөніс, бақша өнімдерін егу бастамасы іс жүзінде тәжірибеден өткізіліп жүр. Бұл бірінші кезекте суды үнемдеудің онтайлы жолы болып есептелсе, екіншіден өңірде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді деген пікір бар. Нақты кезеңде облыста азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жергілікті тұрғындарды өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында ауқымды шаруалар атқарылған. Бұл тұрғыда басқарма тарапынан 2025 жылы өңірде барлығы 5,1 мың отбасына ұжымдық түрде бақша егуге қосымша 3,3 мың гектар жер дайындалған. Бүгінде 3 300 гектар дақылдар толығымен егілгенін жеткізді.

Су үнемдеуге сеп болады деген тәсілдің тағы бірі — тамшылатып суару технологиясы да сырбойылық шаруалардың қолданысына енгізіліп келеді. Су мамандары әлемдік тәжірибеде тиімділігін көрсеткен бұл тәсілдің су тапшылығын сезінбеуге ықпалы зор дегенді алға тартады. Яғни, біріншіден судың ысырабын азайтса, екіншіден өнім көлемін арттыруға жол ашады деген пікір қалыптасқан.

Дерекке сәйкес, тамшылатып суару тәсілі өткен ғасырдың ортасында Израильде зерттеліп, алғаш қолданысқа енгізіліпті. Содан бері бұл әдіс әлемдік деңгейде озық технология ретінде пайдаланылып келеді екен.

Осы ретте соңғы жылдары сыр диқандары да тамшылатып суару технологиясын тиімді пайдалана бастағанын айтып жүр. Әсіресе, бірқатар іргелі күріш шаруашылығы тиімді технологияны қолданысқа енгізіп, он нәтижеге қол жеткізгені жиі естіліп қалады.

Бұл тұрғыда басқарма тарапынан әлемдік деңгейде оң нәтиже көрсеткен бұл тәсілдің Сыр өңірінде де су ысырабын

азайтуға сеп болып отырғанын алға тартады.

«Соңғы жылдардағы су тапшылығы жағдайларына байланысты су үнемдеу технологияларының маңызы артып келеді. Бұл ретте, тамшылатып және жаңбырлатып суару технологияларының маңызы өте жоғары екенін ескеру қажет. Яғни, тамшылатып және жаңбырлатып суару технологияларының нәтижесінде суармалы суды бірнеше есе үнемдеуге мүмкіндік болады. Сондай-ақ тамшылатып және жаңбырлатып суару әдісімен егістік жердегі дақылдардың түбіне қоректік элементтерді дәл беруге мүмкіндік артады. Осы арқылы суды үнемдей отырып, өнім көлемін арттыруға үлкен әсерін тигізеді. Бүгінде сырбойылық шаруалар тиімді технологияның игілігін сезіне бастады», — деп түсіндірді бұл жайында бөлім басшысы.

Осы орайда басқарманың мәліметіне сәйкес, биыл күріш алқаптарын лазерлік тегістеу көлемі 60 мың гектарға, ал су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі екі есеге дейін артқан. Яғни, су үнемдеу технологияларының нақты көлемі 8 100 гектарға жеткізілгені мәлім болды.

Өз кезегінде су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы мамандары да дарияда биылғы жылы су деңгейі өте төмен болғанын жоққа шығармайды. Соған қарамастан егістік алқапты сумен қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар жүргізілгенін мәлімдеп отыр.

Қалай дегенде де, бүгінде дария демігіп, Сырдың күйі қашып тұр. Себебі өзімізден бөлек, судың сағасындағы өзбек пен қырғыз ағайындар тіршілік нәрінен қажетті мөлшерімізді алуға тосқауыл болып тұрғаны жасырын емес. Яғни, Сыр суының мәселесі аталмыш елдермен тығыз байланысты екені белгілі. Сондықтан көршілес мемлекеттермен әлі де тиімді келіссөздер жүргізу қажет.

ДОДА

30 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ТАСҚАЛАДА ТУҒАН ҰЛ

«Қайраттың» қорғанысына қорған соққан Тапалов Батыс Қазақстан облысының Таскала ауылында өмірге келген. Ата-анасы құрылыс саласында жұмыс істейді. Бастапқыда Еркіннің ата-анасы ұлының футболшы болам деген мақсатына алаңдаушылық білдірген. Өйткені доп соңынан жүрген баланың шынға жетеріне топшыламаған. Тапаловтың қанат қакқан ауылына құрметі бөлек. 2023 жылы ауыл жұрты сүйікті ойыншысына ат мінгізіп, төсбелгі таққан. Бұл тегін емес екенін сіз бен біз де жақсы білеміз. Өйткені орда бұзар шағында «Тобылда» түрен салды. Мансабының жетер жері осы ма дегенімізде еліміздің үздік клубының бірімен келісімшартқа отырды. Негізі, оның «Қайратқа» басқан қадамына күмәнмен қарағандар көп. Ал футболшының мансап жолы толассыз еңбек пен маңдай терден тұрады. Оның жанкешті болмысына тандай қақпасқа болмас.

Сонымен, бапкер Мағзом Ескалиев Таскала тумасының талантын танып, оның мықты ойыншы боларына сенген. Тоғызыншы сыныпқа дейін ауыл стадионында доп теуіп, кейінірек Оралға оқуға түскен. Сонда «Ақжайық» футбол клубының 1993 жылғы ойыншылар командасында жаттығуын жалғастырған. Қызығы, 2011 жылы ғана алғашқы кәсіби келісімшартына қол жеткізген.

Иә, оны футбол майданында шындаған — «Ақжайық» клубы. Ойыншы да алғаш рет осы команда сапында доп тепкенін ерекше ықыласпен еске алады. Әрі асуды еңсеруге де аталған клубтың өзекке тепкені себеп болған. Бір кездері негізгі құрамға іліге алмаған сәтте жаттықтырушы болып жұмыс істеген. Бірақ кәсіби мансабын құрбан етпей, соңына дейін еңбек еткен. Қалай десеніз, клуб басшылығына өзін оқу-жаттығу жиынына қалдырмай апаруын сұраған екен. Сонда өзін дәлелдеп, бапкер көзіне түсіп, негізгі құрамға қайта келген.

Алматының «Қайраты» Чемпиондар лигасы аясында Мадридтің «Реалына» жұп болып, жанкүйер біткен қуанып жатыр. Оған қоса, ел ішінде шабуылшы Дастан Сәтпаев пен қақпашы Темірлан Анарбектің мерейі үстем. Негізі, «сары-алалар» сапынан мақтауға лайықтың дені — қорғаушылар. Кім-кімді алсаңыз да өліспей-беріскен жоқ. Соның бірі — Жайық жағасында туып, Алаштың арманын орындаған Еркін Тапалов.

ЖАСЫЛ АЛАҢДАҒЫ ЖАНКЕШТІ ЖАУЫНГЕР

Алайда кәсіби өрлеу үшін 2019 жылы «Жетісуға» ауысқан. Мұнда да сәтті ойын көрсете алмай, кейіннен «Каспий», «Шахтер» мен «Тұранда» доп тепкен. Қайда бармасын табанды, сабырлы қалпын жоғалтпай, өсудің даңғыл жолын іздеген. Ал іздегеннің мұратқа жететініндей, Қызылжар желі оның маңдайынан өпкен екен.

«ҚЫЗЫЛЖАРДАН» «ҚАЙРАТҚА» БАСТАР ЖОЛ

«Менің атым Қожа» фильмінде Рахманұлы айтқандай, ұстаз шәкірттің шырағын жағу керек. Ал Тапаловтың шырағын жаққан — бапкер Әли Әлиев. Дұрыс айтасыз, қазір ұлттық құраманың тізгінін ұстаған маман. Бірақ сол тұста ол «Қызылжардың» жолнұсқаушысы еді. Еркіннің алаңда өзін еркін сезініп, әмбебап қырын ашқан да — Әлиев. Петропавл клубында капитан атанып, жанкүйердің жүрегін жаулады.

«Еркін Тапалов — менің сүйікті ойыншым. «Қызылжарда» жүргенде Әли Әлиев оның әлеуетін ашып, мықты екенін мұқым қазаққа көрсетті. Тапалов та еңбекқор футболшы екенін дәлелдеді. Бапкер қандай тапсырма берсе, соны қағып алып, дер кезінде орындады. Сөйтіп, жанкешті болмысы «Тобылмен» түйістірді. 30-ға келіп, Қостанайда доп теуіп, «Тобылды» біраз



жерге сүйреді. Өзінің бабында екенін көрсетіп, «Қайратқа» ауысып келді. Басында, оның Алматыға ауысқанына тандада қарадық. «30-дан асканда футболды ысыра тұрып, «Қайрат» сияқты белді клубта ойнап көргісі келген болар» деп түйдік. Сөйтсек, ол негізгі құрам жауынгеріне айналды. Сол қапталда да, оң қапталда да өнер көрсетеді. Жартылай қорғаныста да доп тебеді. Бапкерге керек нағыз әмбебап ойыншы. Қуантарлығы, футболда шаршамайтын, талмайтын қазақ барын дәлелдеді. 31 жасында «Слованға» қарсы 120 минут жік шығармай ойнады. Алаңда екінші тынысы ашылып, жанкүйерді

қуантудан талмайды. Болмысынан қазақы иіс аңқып тұр. Меніңше, қазақ футболына осындай жігіттер дәріптелуге тиіс. Иә, жас жұлдыздар Анарбеков пен Сәтпаев жайында көп айтамыз. Бірақ Еркін Тапалов сияқты жігіт ағасы болған шағында тыңнан түрен салғаны кемде кем. Яғни, ештен кеш жақсы екеніне, дегеніне жету жолында еңбек қана алып шығарын айқындады», — дейді спорт комментаторы Әлімжан Асқар.

Айтса-айтқандай, «Қызылжар» Конференция лигасына қатысқанда күллі қазақ клубтың тілеуін тіледі. Петропавлда екі маусым қатарынан алаңға шықты. Осы калада жүріп, «еуроаренада доп тепсем» деген арманына жеткендей күй

тыға ат басын бұрады. Ал бұл сәт бұрынғыдан өзгереді еді.

ҚПЛ-де ойнайтын өрен үшін алматылық клубта доп тебу — арман. Себебі «Қайрат» пен «Астана» арасындағы ойын жанкүйер үшін қазақы эль-классико. Ал аталған клубта негізгі құрамға бекіп, халықтың ықыласын алу кез келгенге бұйыра бермейді. Басқа клубта жасындай жанып, бірақ Алатау бөктерінде өзін көрсете алмай қалғаны қаншама. Тапалов болса, жанкүйер күткенінен екі есе асып түсті. Ел чемпионатында да, еуроаренада да жанып салды. «Олимпия» мен «КуПС-қа» қарсы кездесуде қолдаушы тарапынан ескерту алғаны рас. Ал «Слован» мен «Селтика» қарсы матчта аянып қалған жоқ. Жұрт айтпақшы, «Тапаловтың капталынан шыбынның өзі ұшуға рұқсат сұрады». Шотландиялық команданың бетке ұстары Форрест пен Маеданы тұсаулап, ойынның тең аяқталуына бір кісідей атсалысты. Нәтижесінде, «Қайрат» сенсация жасап, Чемпиондар лигасы негізгі кезеңіне өтті. Осылайша, Тапалов еуроаренаның есігін қағып, шетелге «шығуға» мүмкіндік туды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ ӨЛШЕМІ

Қай ойыншы болмасын әйтеуір бір ұлттық құрама сапында ойнауды армандайды. Көк түсті жейде кигені үшін жалақы төлемейтіні тағы бар. Мұнда намыс, жігер, ұлт үшін еңбек ету сияқты ақшадан биік ұғым бар. Еркін Тапалов та әлем алдында қазақты мойындатсам дейтін ұл. Футболшысы көп Бразилияда ұлттық құрамаға шақырғанын сүйіншілейтін әдемі үрдіс бар. 6 нөмірлі ойыншы да әр жыл сайын өзінің құрама іліккенін мақтанышпен хабарлайды. Себебі бір кездері оған тандаулы он бір ойыншының қатарына қосылу мүмкін еместей көрінген-ді.

Оны 2019 жылы Талғат Маруаұлы тізімге қосты. Түркияда Молдоваға қарсы жолдастық кездесуде алаңға шыққан. Ал Финляндия құрамасымен ойында ресми түрде сары-көк жейделі 6 нөмірлі ойыншы атанды. Ол әр сұхбатында «миллиондаған адамның үмітін арқапал шығу оңай емесін» айтады. «Астана Аренадағы» жанкүйердің дүбірі делебені қоздырып, атмосферасын көпке дейін ұмыта алмайтынын жеткізген. Әсіресе, Ұлттар лигасы аясында 2024 жылдан басталған жолдың әрі қарай да үзілмеуін тілейді. Сондағы «Данияға» қарсы матчты ерекше ықыласпен еске алады. Кейінгі жылдары құрама сапына жиі іліккеніне де қуанышты. Қазір де ел командасының үмітіне айналды. Оның үстіне, «Қызылжарда» қолтығынан деген Әли Әлиев ұлттық құрамада да Еркіннің еркін көсілуін қалайды.

Газетіміздің келесі саны 4 қыркүйекте жарық көреді.

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албал АЛТЫНБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4636
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,